

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«5В020400 – МӘДЕНИЕТТАНУ» мамандығы бойынша**

**ПӘНДЕРДІҢ ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ**

**\* \* \***

**ТИПОВЫЕ УЧЕБНЫЕ ПРОГРАММЫ ДИСЦИПЛИН**

**по специальности «5В020400 – КУЛЬТУРОЛОГИЯ»**

**Алматы 2017**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«5В020400 – МӘДЕНИЕТТАНУ» мамандығы бойынша**

**ПӘНДЕРДІҢ ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ**

**\* \* \***

**ТИПОВЫЕ УЧЕБНЫЕ ПРОГРАММЫ ДИСЦИПЛИН**

**по специальности «5В020400 – КУЛЬТУРОЛОГИЯ»**

**Алматы 2017**

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде **ӘЗІРЛЕНГЕН ЖӘНЕ ҰСЫНҒАН**.

2. Типтік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 05 шілдедегі №425 бұйрығы негізінде бекітілген типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген.

3. Республикалық оқу-әдістемелік жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кеңесінің 2016 жылғы 30 маусымындағы №2 мәжіліс хаттамасының шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің рұқсатынсыз осы типтік бағдарламаларын көбейтуге және таратуға болмайды.

**РАЗРАБОТАНА и ВНЕСЕНА** Казахским национальным университетом им. аль-Фараби.

Типовая учебная программа разработана в соответствии с типовым учебным планом, утвержденным приказом МОН РК от 05 июля 2016 года №425.

**2.УТВЕРЖДЕНА** протокольным решением №2 заседания Республиканского учебно-методического совета высшего и послевузовского образования от 30 июня 2016 года.

Настоящая типовая учебная программа не может быть тиражирована и распространена без разрешения Министерства образования и науки Республики Казахстан

@ КазНУ им.аль-Фараби, 2017

# **ККТ 2201 – КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ**

**Көлемі 2 кредит**

## **Авторлар:**

**Иманқұлова С.М.** – филология ғылымдарының кандидаты доцент  
**Егізбаева Н.Ж.** – филология ғылымдарының кандидаты доцент  
**Исмағамбетова З.Н.** – философия ғылымдарының докторы, дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры

## **Пікір жазғандар:**

**Қарабаева А.** – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті философия кафедрасының профессоры

**Құрманғалиева Ғ.** – философия ғылымдарының докторы, профессор  
Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі философия және саясаттану институтының бас ғылыми қызметкері

## **ТҮСІНДІРМЕ ХАТ**

Қазіргі таңда қызмет студенттің барлық саласында белгілі бір білімге, шеберлік пен дағдыға, жеке адами қасиетке ие, өзінің кәсіби қызметін жоғары деңгейде атқаратын, бәсекеге қабілетті білікті мамандарға сұраныс артып келеді. Мұндай сұраныс жоғары кәсіби білім мақсатын анықтауға себепші болды.

Қоғамдағы тілдік жағдай еңбек нарығының нақты сұраныстарына сай мамандардан тек қазақ тілінде сөйлеу дағдысын талап етіп қана қоймай, таңдаған қызмет саласында табысты жұмыс істеп, жеке әлеуметтік қасиеттерін (азаматтық, мақсатқа талпынушылық, ұйымдастырушылық, еңбекқорлық, коммуникативтілік, төзімділік, әлеуметтік бейімделушілік) қалыптастыру мен дамытуды мақсат етеді. Сондай-ақ алған тілдік білімін қатысымда (іскерлік кездесулерде, қызмет барысында, мәжіліс, жиындарда және т.б.) ұтымды пайдалана алу дағдысын да көздейді.

Бүгінгі студент – болашақ маман өзінің алға қойған мақсатына жетуі үшін үнемі ізденіп, білімі мен біліктілігін арттырып, бірнеше тілді жетік меңгеруге, әсіресе қызметіне қатысты кәсіби қазақ тілін үйренуге қызығушылығы артады. Бұл өз кезегінде қазіргі студенттің кәсіби қазақ тіліне деген сұранысының артуына ықпалын тигізіп, тілдік тұлғаның сөздік қорын, кәсіби лексикасын дамытуға жол ашады.

Студенттердің тілдік білімін, сөйлеу мәдениеті мен тілдік құзіреттілік деңгейін жетілдіру «Кәсіби қазақ тілінің» жалпы білім беру бағдарламасындағы оқу пәні ретінде маңызын арттырады.

Кәсіби қазақ тілі оқу пәні ретінде төмендегідей сипатқа ие:

✓ пәнаралық (қазақ тіліндегі сөйлеу мазмұны түрлі білім салаларынан: мәдениеттану, тарих, экономика, ақпараттану, химия, физика, биология, география, математика, және т.б. хабар береді);

✓ сан салалы (бір жағынан – сан алуан тілдік құралдарды тілдің түрлі аспектілерімен: фонетика, лексика, грамматикамен байланысты меңгеру, екінші жағынан – сөйлеу әрекетінің төрт түрлі әрекетін (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) жетілдіру қажеттілігі;

✓ сан алуан қызметтілігі (оқыту мақсатында және түрлі білім саласынан ақпарат алу құралы ретінде).

Кәсіби қазақ тілін меңгеру студентті шығармашылық ойлауға, көзқарасын кеңейтуге, өзінің жеке қасиеттерін жан-жақты ашуға, яғни кәсіби білімін дамытуға әсерін тигізеді. Студент өзіндік жұмыс орындаудың дағдысын қалыптастырады, шығармашылық дербестікке қол жеткізеді, сол арқылы тілдік түсініктерді, логиканың барлық түрлерін (талдау, синтездеу, салыстыру, тұжырымдама жасау) жетілдіреді.

Бұл айтылғандардың бәрі *кәсіби білімді жетілдіруге әсерін тигізетінін, жоғары білікті мамандарды даярлау міндетін шешудің жолдарын көрсетеді.*

#### **Пәнді оқытудың міндеттері:**

«Кәсіби қазақ тілі» пәні қазақ тілін меңгерудің негізгі B1 және B2 деңгейлері игерілген жағдайда жүзеге асырылады. Болашақ маманның тілдік біліктілігін жетілдіріп, мемлекеттік тілді мамандық деңгейінде коммуникация құралы ретінде қолдану дағдыларын қалыптастыруды көздейді. Болашақ маманның кәсіби дағдыларды қолдану салаларына байланысты арнаулы тілдік білім жиынтығы өте кең болуы керек. Себебі кәсіби міндеттерді атқару барысында арнаулы терминдерді қолдану жиілігі артады, осылайша кәсіби тілдік дағдысы дамиды, жетіледі.

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқыту тіл үйренушілердің белгілі бір тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Кредиттік білім беру бағдарламасы бойынша модульдік технологияға негізделген талаптарға сай «бакалавр» төмендегідей құзыреттілік талаптарын меңгеруі тиіс:

**А – құралдық құзырет:** түрлі дереккөздерден алынған, ақпараттармен жұмыс істей алу, алған мәліметтерді кеңейту; өз көзқарасын дәлелдеу мақсатында немесе түрлі мәселелерді шешуде қолдана алу. Пайымдау түрлерін логикалық тұрғыдан талдай алу, көпшілік ортада сөйлеу дағдысын меңгеру, дәлелдер келтіру, пікірталас жүргізе білу.

**В – тұлғааралық құзырет:** жеке және ұжымда жұмыс істей алу қабілеті, ұлтаралық, мәдениетаралық қарым-қатынас ережелерін сақтай білуге қабілеттілік.

**С – жүйелілік құзырет:** кәсіби қазақ тілін Қазақстандағы, әлемдегі әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тарихи, саяси жағдайлармен, ҚР конституциялық-құқықтық негіздерімен үйлестіруге бейімділік.

**Д – пәндік құзырет:** қазақ тілінің даму тенденциясы мен қазіргі жағдайын, Қазақстандағы тарихи-мәдени және тарихи-әдеби үдерісті меңгеруге қабілеттілік; кәсіби бағдарлы қазақ тілінің жүйесін пысықтау, қазақ тіл бірліктерінің құрылымы мен қолданылуын халықтың тарихы мен мәдениетімен байланыстыру, ауызша және жазбаша мәтіндерді құрастырғанда берілген коммуникативтік жағдаяттарға байланысты іргелі білімдерді қолдана алу қабілеті; жаңа терминдерді өз мамандығына бейімдеп тиімді меңгеруге дайындық.

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқытудағы құзыреттілік дағды төмендегідей негізгі міндеттер бойынша анықталады:

**лингвистикалық құзыретті қалыптастыру** – тақырыпқа қатысты лексикалық бірлікті дамыту дағдысы; негізгі терминдер мен ұғымдардан тұратын пәрменді сөздіктердің дамуы; грамматикалық дағдыларды жетілдіру;

**прагматикалық құзыретті қалыптастыру** – кәсіби мазмұндағы мәтіндер негізіндегі сұқпаттық және монологтік айтылымдарды қалыптастыру шеберлігі, жазылым дағдыларын жетілдіру, коммуникативтік стратегияны өңдеу шеберлігі (белгілі бір сөйлесім жағдайына бейімделу);

**когнитивтік құзыретті қалыптастыру** – мәселелік тапсырмалар, ойын тапсырмалары, мәтіндер бойынша: мәтінді біріздендіру дағдысы (мазмұнның мәнін анықтау, сыни қабылдау, негізгі және қосымша ақпараттарды айыра білу); мәтіннің мазмұнын ұғыну (сәйкестендіру, түсіндіру, жинақтау) дағдысы; мәтіннің мазмұнын өзгерту (толықтыру, қайта құру, қажетті мазмұнды таңдау);

**ақпараттық құзыретті қалыптастыру** – тілдік тұлғаның білім алу шеңберіндегі, сондай-ақ қоршаған әлем туралы ақпаратты қолдана білу дағдылары. Түрлі нысандар (теледидар, ұнтаспа, телефон, компьютер) және ақпараттық технологиялар (бейне, электрондық почта, әлеуметтік желілер, Интернет т.б.) көмегімен ізденімпаздық біліктері қалыптасып, ақпаратты талдау, саралау, сараптау, сақтау және оны тарата білуге үйренеді.

#### **Курс соңында студент:**

1. Мәдениеттану мамандығы саласындағы белсенді қолданылатын терминологияны білуі және оны кәсіби ортада тиімді қатынас жасау үшін ұтымды қолдана алуы;

2. Кәсіби-іскери қарым-қатынас кезіндегі «маманданған» сөздерді (ұйғару, мақұлдау, сенім білдіру, келіспеу, негіздеу, дерек келтіру, бағалау, қорытынды) логикалық жүйемен құра білуі;

3. Мәдениеттанулық мәтіннен қажетті ақпаратты сұрыптап, оны кәсіби мақсатта сипаттай, қорыта білуі;

4. Мәдениеттанулық мәтіннің түзілу тәртібіне көңіл аудару, оның логикалық құрылымдық негізін құра білу.

5. Маманданған тақырыпқа сай өзіндік ой-пікір білдіре білу құзіретін қалыптастыра білуі керек.

Пәнді меңгерудің болжамды нәтижесіне жету үшін СТУДЕНТ төмендегідей жүйелі, саналы және тұрақты білім, **білік пен шеберлік** қалыптастыруы қажет:

- Негізгі кәсіби лексиканы білу (сағат санына байланысты оқу бірлігі көлеміндегі жалпы және терминологиялық сипаттағы лексикалық минимум) шеберлігі;
- Мәдениеттану мамандығына қатысты белсенді терминдердің мағынасын білу және оны кәсіби мақсатта қолдана білу дағдысы;
- Мәдениеттану мамандығына қатысты тақырып бойынша өз ойын дұрыс, жүйелі түрде жеткізе білу және мәтінге талдау жасай алу шеберлігі;
- мәдениеттану мамандығы, елтанымдық, жалпы мәдениет саласына қатысты тақырып аясында, диалог пен монолог құрап пікірсайыстарға қатыса алу дағдысы;
- құжаттардың жеке түрлерін (қызмет бабындағы хат-хабар, іскери байланыс, келіссөздер, сұраныс жіберу, ұсыныс, сервистік қызмет көрсету, тезис, хабарлама және т.б.) сауатты жаза алу дағдысы;
- түрлі жағдаяттық сұхбаттарға орынды араласа алу;
- қазақ тіліндегі дереккөздерден өз мамандығына қатысты аутентикалық ақпараттарды алып, қызмет саласында ұтымды пайдалана білу және т.б білік пен шеберлікті қалыптастыру.

## **ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

| р/с | Тақырыптың атауы                                                                         |
|-----|------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1   | «Мәдениеттану» мамандығы бойынша кәсіби лексика. Терминдік норма                         |
| 2   | «Мәдениеттану» мамандығындағы бойынша кәсіби тілдің термин жүйесі. Терминжасам           |
| 3   | Кәсіби тілдегі грамматикалық нормалардың қолданысы                                       |
| 4   | Мәдениеттану саласындағы кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшеліктері.           |
| 5   | «Мәдениеттану» мамандығының кәсіби саладағы іскери қарым-қатынас. Диалог. Монолог        |
| 6   | Мәтін – ауызша қарым-қатынас құзіретінің негізі. Жоспар құру                             |
| 7   | Мәдениеттану саласындағы тілдің функционалды-мағыналық ерекшеліктері. Сипаттау. Хабарлау |
| 8   | Баяндау. Баяндаудың құрылымы және ерекшеліктері                                          |
| 9   | Мәдениеттанулық мәтінді құрылымдық-мағыналық талдау негіздері. Аннотация.                |

## **ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ**

**Пәннің мақсаты** – студенттердің қатысымдық құзыреттілік деңгейін көтеріп, қазақ тілін кәсіби (іскери және ғылыми) қызметте, сондай-ақ өз

білімін жетілдіру мақсатында пайдалана алуына бағыттау. Болашақ маманды таңдаған саласына қатысты терминдермен жұмыс істеуге, грамматикалық құрылымдарды дұрыс қолдана білуге дайындау.

Бағдарламаның мазмұны студенттердің ғылыми-кәсіби саладағы қажеттіліктерімен, қазақ тілін ғылыми салада қолдана алу мүмкіндіктерімен анықталады. Тілді практикалық жағынан меңгерудегі коммуникативтік мақсаттар пен міндеттер ең басты тұжырымдама болып табылады. Бакалавр студенттері ғылыми ортаға байланысты жаңа тілдік дағды мен білімін жетілдіре отырып, терең әрі сапалы тілдік білімін қалыптастырады.

**Пәннің міндеті** бірқатар қатысымдық (коммуникативтік) және танымдық (когнитивтік) міндеттердің орындалуы барысында жүзеге асырылады. Атап айтқанда:

- кәсіби мазмұндағы орта көлемді мәтіндерді, нұсқаулықтарды, анықтамалықтарды, БАҚ өнімдерін жатық оқу;
- Аударма, кәсіби бағыттағы сөздіктерді пайдалана білуге үйрету;
- кәсіби аяда жиі қолданылатын белсенді (актив) сөздер мен сөз тіркестерін, кәсіби лексика, салалық ұғым, атаулар мен терминдердің мән-мағынасын еркін түсіну;
- Өртүрлі стильде жазылған мәтін, өз мамандықтарына сәйкес еңбектер мен ғылыми зерттеулерді оқып, негізгі ақпараттарды ала білу дағдысын қалыптастыру;
- кәсіби аяда ауызша монолог, диалог түрінде (*хабарлама, таныстырылым (презентация), баяндама, дискуссия және т.б.*) әңгіме құру, сұхбат жүргізу;
- кәсіби аяда жазба жұмыстарын (*эссе, аннотация, түйіндеме, жоспар, тезис, мәлімдеме, пресс-релиз, өтініш, хат, аударма, аннотация, реферат және т.б.*) орындау;
- кәсіби аяда қолданылатын қалыпты сөйлеу (этикет) үлгілерін қолдану және белгілі бір кәсіби қатынас саласындағы танымдық-қатысымдық міндетті шешуге керекті ақпарат тыңдау арқылы түсіне білуге дағдыландыру;
- Өз мамандығы бойынша ғылыми мәтіндерге пікір беруге, ғылыми мақала, баяндама жазуға машықтандыру;
- Сонымен қатар, кәсіби бағыттағы тақырыптар бойынша тіл үйренушіні қазақ тілінде жүйелі талдау жасауға, өз ойын еркін жеткізуге және ұсынылған материалдар бойынша сипаттама, салыстырма, қорытынды жасай білу сияқты т.б. тілдік біліктілікті жетілдіруші әрекеттерге дағдыландыру.

### **Білім беру технологиясы**

«Кәсіби қазақ тілі» пәнін жүргізу барысында тіл үйретудің заманауи үлгілері, отандық және шетелдік ғалымдардың авторлық озық әдіс-тәсілдері басшылыққа алынады. Жұмыс барысында уақыт көлемі, тақырып ерекшелігі, тіл үйренушінің қабілет-қарымы, оқытушының шеберлігі сияқты т.б. маңызды факторлар есепке алынып, соған сәйкес *белсенді оқыту әдісі, жеке-*



*бағдарлы оқыту әдісі, сыни ойлау әдісі, жобалық оқыту әдісі, ақпараттық әдіс, түсіндіру әдісі, практикалық әдіс, кейс әдісі, ізденіс әдісі, іскери ойын әдісі сияқты т.б. әдіс түрлері мақсат-міндетке сәйкес қолданылады.*

## **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

### **«Мәдениеттану» мамандығы бойынша кәсіби лексика. Терминдік норма**

Кәсіби лексика – табысты жұмыс істеу кепілі. Кәсіби лексиканың негізін анықтаудағы мәтіннің лексикалық құрамын сараптау. Кәсіби лексиканы қолданудағы пікірталастар. Ғылыми тақырыпты құрастыру және кәсіби лексиканы қолданудағы мәселелер. «Мәдениеттану» мамандығы, Мәдениеттанулық тақырып саласында әңгімелесу, пікірлесу. Терминдік норма. Оған тән белгілер. Термин қолдануға қойылатын нормативті талаптар. Кәсіби лексика: жалпықолданыстағы сөздер, жалпығылыми және терминологиялық лексикалар. Жалпыланған және дерексізденген мағынадағы терминдерді қолдану. Өзге тілдерден енген сөздердің таралуы. Жалпыланған және дерексізденген мағынадағы терминдермен жұмыс. Терминологиялық және терминологиялық емес мағынадағы сөздердің межесі. Мәдениеттану саласы бойынша кәсіби лексикаға тиесілі негізгі терминдер бойынша мәтіндерді құрастыру.

Гуманитарлық бағытта жиі қолданылатын ғылыми ұғым атаулары мен арнайы лексиканың қолданылу аясын, жазба нұсқаларын кәсіби мақсатта игеріп, жұмсай білудің өзектілігі. «Ұғымдар тарихы» – тарихи және мәдениеттанулық рефлексияның формасы. Мәдениеттанулық қайнаркөздердің қазақ тілінде ауызша және жазбаша түрде сапалы жеткізілуін қамтамасыз ететін тәсілдерді меңгеру. Қазақ тіліндегі немесе қазақ тілінде жеткізілуі тиіс мәдениеттану мәтіндерінің мазмұнын ашып, талдай білу дағдыларын жетілдіруді ұйымдастыру. Кәсіби қазақ тілінің мәдениеттану маманның коммуникативті құзіреттілігін қалыптастырудағы орны. Мәдениеттанулық ұғымдар мен түсініктердің қазақ тіліндегі кәсіби баламаларының жаңа қолданысы. Қазіргі қазақ тіл білімінің ғылыми-іскери лексикасы мен стилистикасын меңгерудің маңызы.

### **«Мәдениеттану» мамандығындағы бойынша кәсіби тілдің термин жүйесі. Терминжасам**

Терминдер мен олардың ерекшеліктері жайлы түсінік. Терминология ғылыми стильдің негізгі белгісі ретінде. Мәдениеттанулық кәсіби салаға қатысты терминжасам. Оның негізгі шарттары. Жасалу жолдары. Кәсіби тіл сапасы. Ғылыми тіл лексикасы. Ғылыми тілдің лексикалық құрылымы: терминология, жалқы, жалпы мәндес сөздер және т.б. Терминді қолданудағы даулы мәселелер. Мәтіндегі латын және грек элементтері. Терминдер құрамына енген халықаралық сөзжасамдық элементтермен жұмыс. Халықаралық қолданыстағы терминдердің аударылу мәселесі. Тіл қызметінің жалпы сипаттамасы. Ғылыми тіл ерекшеліктері.

Мәдениеттанулық және жалпығылыми терминология. Терминдердің бірмағыналылығы. Мәдениеттанулық терминологиялық сөздіктер. Термин анықтамасы. Лебіздік қызметтегі терминологиялық лексика туралы алынған білімдердің қолдана алуды дамыту алынған білімге терминологиялық лексиканы қолдана алуды дамыту. Мәтіндегі жалпығылыми және мәдениеттанулық терминдерді табу, сараптау. Мәдениеттану бойынша терминологиялық сөздіктерді құрастыру. Ақпарат қайнары, алу тәсілі, санын сипаттаудағы құрастыру. Мәдениеттану бойынша мәтіндерді оқу. Мәдениеттану бойынша терминдерді активті сөздікке енгізу, олардың сөйлеудегі қолданылуы. Терминологиялық сөздіктермен жұмыс.

Мәдениеттану ғылымындағы қазақ терминографиясының қалыптасуы. Мәдениеттану терминографиясының құрылымдық, жүйелік мәселесін талдау. Мәтіндегі латын және грек элементтері. Терминдер құрамына енген халықаралық сөзжасамдық элементтермен жұмыс. Халықаралық қолданыстағы терминдердің аударылу мәселесі. Мәдениеттанулық терминдердің қазақ тіліндегі қолдану деңгейі. Халықаралық терминологиялық ұғымдардың мәдениеттанулық тарапынан тиімді қолдануы.

**Кәсіби тілдегі грамматикалық нормалардың қолданысы.** Ғылыми стильдің морфологиялық ерекшеліктері. Ғылыми лебіздің сипаттамаларына қатысты морфологиялық тәсілдерді анықтау. Түйін сөздерді ескере отырып мәтінді құрастыру. Ғылыми стильге, сөйлеудегі жүзеге асуына қатысты морфологиялық бірліктерді сараптау. Кәсіби тілдегі грамматикалық (морфологиялық, синтаксистік) нормадан ауытқу.

**Мәдениеттану саласындағы кәсіби мәтіннің грамматикалық-стильдік ерекшеліктері.**

Мәдениеттану саласындағы кәсіби мәтіннің морфологиялық құрылымы: атаулық сипаты, етістіктердің қолданылу ерекшеліктері. Ғылыми стильдің синтаксистік ерекшеліктері. Ғылыми стильдің синтаксистік ерекшеліктері сипаттамаларын шығару. Мағынасы бойынша жақын, бірақ түрлі синтаксистік бірліктермен айтылған құрылымдар (параллель синтаксистік құрылымдар). Оқыған мәтінінің негізінде ғылыми лебіздің синтаксистік ерекшеліктерін қолдана отырып өзіндік монолог-пайымдауларын құрастыру. «Мәдениеттану» мамандығының кәсіби саласындағы іскери хат-хабар. Грамматикалық-стильдік ерекшеліктері. Іскери хат-хабардағы тілдік құрылымдар. Іскери хат-хабарда жиі кездесетін сөз орамдарының қызметі мен мағынасы.

**«Мәдениеттану» мамандығының кәсіби саладағы іскери қарым-қатынас. Диалог. Монолог**

Ғылыми стиль жанрлары. Ғылыми лебіз қызметінің талаптары: сұхбаттасудың ғылыми кеңістігі, жазба формаларының ауызшадан,

монологияның диалогиядан үстемдігі. Ғылыми стильдің негізгі белгілері: қисындылық, нақтылық, қамту және тарта алу, терминдердің толықтығы. Ғылыми мәтіндерде тілдік тәсілдерді ауызша және жазбаша қолдану. Ғылыми стиль ерекшеліктерінің анықтамасы. Белгілерді, пәнді, құбылысты сипаттаудағы құрастырушылық. Ғылыми стиль мәтіндеріне сараптама: оқу, ғылыми стильдің негізгі белгілерін анықтайтын тәсілдерді анықтау (қисындылық, анықтылық, қамту және тарта алу). Лебіздің ғылыми жанрларымен танысу. Мәтінді мағыналық бөлімдерге бөлу, мәтіннің мазмұны бойынша әңгімелесу.

Кәсіби саладағы диалогтік қатынастар. Қарым-қатынас жасаушылардың тіл табыса алу/алмауы. Диалог – сөздің коммуникативтік сапасын айқындаудағы негізгі құрал. Ғылыми стиль жайлы әңгіме-полилог, берілген философиялық тақырып бойынша микромәтін құрастыру, ғылыми стильге жататын тілдік тәсілдерді қолдана отырып монолог пішінінде шағын баяндама жасау. Монологтің оқырманға арналуы.

**Кәсіби мәтіннің морфологиялық ерекшеліктері. Іскери хат-хабар.** Мәтін ерекше құрастыру заңдылығы мен ойлауды дамытудағы қатаң жүйе; композициялық нақтылық, логикалық мазмұндамалар, ақпараттық ғылыми мәтіннің белгісі ретінде. Мәтіннің негізгі белгілері. Мәтіннің құрылымы мен мағынасы. Тақырып мәтінде қарастырылатын пән немесе құбылыс. Ғылыми-оқу тақырыптар мәтіндегі тақырыптың сөйлемдері ретінде. Мәтіннің коммуникативті тапсырмалары. Мағыналық-сөйлемдік жағдайлар. Мәтіннің коммуникативті тапсырмалары мәтінді ашудағы автормен сұхбаттасу мақсаты ретінде. Мәтіннің микротақырыбы. Микротақырып мағыналық жағынан ортақ және мәтіннің коммуниктивті тапсырмаларының түрлі тұстарын ашатын бір немесе бірнеше сөйлемдерден тұратын жалпы тақырыптың бөлігі. Мәтіннің мәліметтері және жаңа ақпараттары. Мәтінді мағыналық жағынан бөлу. Ойды әлдебір бастапқы, белгілі ақпараттан белгісізге қарай дамыту. Мәліметтер мен жаңа ақпараттар ойды дамыту мен мәтін байланыстарының элементтері ретінде. Күрделі синтаксистік тұтастық мәтіннің негізгі құрамдас бөлігі. Мәтін сөздерін байланыстыру әдістері: жалғаспалы және параллель байланыс. Мәтін арқылы автордың ұстанымын анықтау.

**Мәдениеттану саласындағы тілдің функционалды-мағыналық ерекшеліктері. Сипаттау. Хабарлау.** Сипаттау мен хабарлау тілдің функционалды-мағыналық ерекшеліктері ретінде. Тілдік ерекшеліктері, құрылымы. Қатынастың әр сатысындағы сипаттау. Қоғамдық байланыстағы хабарлау. Ғылыми хабарлау ерекшеліктері. Сөйлеу мәдениетінің анықтамасы. Кәсіби қазақ тілін меңгерудегі екі негізгі деңгей: 1) сөйлеу ережелері, 2) сөйлеу шеберлігі. Тіл қалыптарының түрлері (міндетті) және диспозитивті (нұсқалық) қалыптар. Жақсы (үлгілі сөйлеудің) сапасы. Сөйлеудің дұрыстығы. Дұрыс сөздер мен сөз пішіндерін тандауда. Сөз

тазалығы. Канцеляризмдер, сөйлеудің мөрлері. Сөйлеудің қисындылығы. Логика заңдары. Сөйлеудегі алогизмдерді алып тастау. Стилистикалық қателер және сөйлеудің мәдени кемшіліктері. Тіл жүйесінің жекелей бөлімдері бойынша қателіктер. Практикалық стилистиканы анықтау. Ой мен қисынды сөздерді құрастыру үдерісіндегі сөздік бірліктерді таңдау мәселелері.

**Баяндау. Баяндаудың құрылымы және ерекшеліктері.** Ауызша лебіз адамның білімділігі мен мәдени көрсеткіші ретінде. Түсіндіру, баяндау, оқығаны жайлы пікір алмасу, берілген тақырып бойынша пікірсайыс, кәсіби шығармашылыққа қатысты белгілі бір коммуникативті жағдай жайлы сұхбаттасу түріндегі лебіз жаттығулары. Лебіз әрекеттерінің этикасын жетілдіру. Баяндаудың құрылымы және ерекшеліктері. Баяндау түрлері: баяндау-түсіндіру, баяндау-дәлелдеу және баяндау-ойлау. Баяндаудың логикалық құрылымы. Философиялық тұрғыда баяндаудың сипаты мен ерекшеліктері. Қазақы ауызша мәдениет. Қазақ ойшылдарының баяндау түрлері. Шешендік сөздердегі коммуникация жүйесі мен дүниетанымының дәстүрлі ұлттық логикасы.

**Мәдениеттанулық мәтінді құрылымдық-мағыналық талдау негіздері. Аннотация.** Мәтінді құрылымдық-мағыналық талдау негіздері. Дінтану мамандығына сәйкес тақырыпты анықтау. Тақырып – мәтін негізі. Тақырыптың түрлі септіктердегі зат есімдік мәні. Мәтін тақырыбын есімдікпен немесе синоним сөздермен алмастыру. Ғылыми тақырыпшалардың мәдениеттанулық мәтіннің мазмұнын ашудағы орны. Дәйексөздерді рәсімдеудегі негізгі ережелер. Мәдениеттанулық мәтіндерді аннотациялау. Тұтынушының ерекшелігіне қатысты аннотация түрлері. Библиографиялық-анықтамалық көрсеткіш. Библиографиялық көрсеткіштің құрылымы. Мәдениеттанулық мәтіндерге мазмұндама жазу. Репродуктивті және продуктивті рефераттардың түрлері. Ғылыми мәтінге рецензия жазу. Ғылыми рецензияның құрылымы. Ғылыми жұмыс жайлы пікір. Ғылыми пікір құрылымы. Аннотация-қорытындылар екінші ақпараттық мәтін ретінде. Аннотация-қорытынды құрастырудағы тілдік тәсілдерді таңдау.

### **Студенттің өзіндік жұмыстар түрі**

Ұсынылған лексика-грамматикалық тақырыптар аясында төмендегідей өзіндік жұмыс түрлерін ауызша және жазбаша орындауға болады:

- |                  |                     |
|------------------|---------------------|
| • Сөздік         | • Сұрақ-жауап       |
| • Эссе           | • Тест тапсырмалары |
| • Резюме         | • Сканворд          |
| • Аннотация      | • Іскери ойындар    |
| • Жоспар         | • Рөлдік ойындар    |
| • Реферат        | • Мақала            |
| • Сөзжұмбақ      | • Жарнама           |
| • Аударма жұмысы | • Пресс релиз       |

- |               |                           |
|---------------|---------------------------|
| • Анықтамалық | • Бейнебаян               |
| • Нұсқаулық   | • Таныстырылым            |
| • Шолу        | • Комментарий <i>және</i> |
| • Сұхбат      | <i>т.б.</i>               |
| • Сауалнама   |                           |

### **Студенттердің өзіндік жұмыстары**

«Кәсіби қазақ тілі» пәні бойынша студенттердің өзіндік жұмысы алған білімдерін тереңдету мен кеңейту, оны практикалық тұрғыда қолдану мақсатын көздейді:

- Болашақ мәдениеттанушы маманның жеке шығармашылық қасиеттерін қалыптастырады;
- өзін-өзі дамыту, өз бетінше білім қорын жинау дағдысын жетілдіреді;
- мәселені тұжырымдай алу, оның шешу жолдарын талдау, тиімді нәтиже шығару, оның дұрыстығын дәлелдеу дағдысын қалыптастырады.

### **Студенттердің өзіндік жұмыстарына арналған тақырыптар**

1. Тіл және оның негізгі ерекшеліктері. Әлем тілдері. Тілдің түрлері: ауызша, жазбаша, монологикалық, диалогикалық, активті, ішкі және сыртқы.
2. Өзіндік монолог құру (ауызша, жазбаша). Мәдениеттану мамандығына сәйкес сипаттау, хабарлау мәтіндерін даярлау.
3. Ауызша баяндама, тақырыпқа байланысты эссе жазу: «Мәдениеттану саласының ғылыми тілі», «Көрнекті ғалымдар - ... », «Мәдениеттану ғылымы саласындағы жетістіктер», «Мәдениеттану тілінің өзіндік ерекшеліктері», «20-21 ғасырлардағы философиялық терминдердің дамуы мен қалыптасуы».
4. Мәдениеттану мамандығының тақырыбына сәйкес белгілі-бір тақырыпқа құрылымдық-мағыналық талдау жасау.
5. Мәдениеттану ғылымы саласында дәйексөз келтіру. Дәйексөздерді рәсімдеу ережелері.
6. Мәдениеттану ғылыми мәтіннің құрылымдық ерекшелігі. Тақырыптың мәнін ашуға арналған жоспар. Мәтіннің қысқаша мәнін ашуға арналған жоспар. Конспект жасау. Дәрісті конспектилеу – шығармашылық үдеріс.
7. Мәдениеттану мамандығына сәйкес мәтінге түйіндеме жасау.
8. Мәдениеттану мамандығына сәйкес тақырыпқа реферат жасау: рефератты презентациялау, таңдалған тақырыпты рефераттау-сипаттау.

### **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

#### **Негізгі:**

1. С.М. Иманқұлова. Кәсіби бағдарлы қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 218 б.
2. А.Ж. Жұмағұлова. Кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 227 б.
3. А.О. Тымболова. Кәсіби экономика тілі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 160 бет
4. Б.А. Омарова. Кәсіби қазақ тілі (тарих мамандығына арналған). Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 153 б.
5. А.Т. Аширова. Кәсіби қазақ тілі (география факультетіне арналған). Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 140 б.
6. Б. Ақбұзауова. Кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы, Қазақ университеті, 2011. – 177 б.
7. Г.Т. Тұрсынова. Кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. – Алматы, 2011
8. Т.Х. Сматаев, Т.Д. Айтказина. Кәсіби қазақ тілі : оқу құралы (биология, экология, география, туризм мамандықтарының студенттеріне арналған) – Павлодар: Кереку, 2012. –102 б.
9. А.К. Ақжанова, К.Б. Утегенова. Кәсіби қазақ тілі: оқу құралы. Астана, 2010. –128 б
10. А.А. Сейтбекова. Кәсіби қазақ тілі: оқу құралы («Заңтану» мамандығына арналған ) – Алматы, 2015. –164 б.
11. Х. Ш. Қожабаева. Кәсіби қазақ тілі.: оқу құралы (автомобильді жөндеу және оған қызмет көрсету мамандығына арналған) – Алматы, 2010. – 304 б.
12. Ұ. Шүленбаева, Г. Тұрсынова, Ә. Мұсаева. Кәсіби қазақ тілі: оқулық. (тау-кен саласындағы мамандықтар үшін) – Алматы: Қазақ университеті, 2008. –302 б.
13. Н.Қ. Мұхамадиева. Кәсіби қазақ тілі. I оқу кітабы, II оқу кітабы. – Алматы, 2013.
14. Габитов Т.Х., Муталипов Ж.М., Кулсариева А.Т. Культурология. Алматы., 2007.
15. Масалимова А.Р. Введение в специальность. Алматы., 2009
16. Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М. Культурология: в новом ключе. А., 2011
17. Barker, Ch. Cultural Studies. Theory and Practice. – London, SAGE Publications, 2006. - 485 p.
18. Lull J. Media, Communication, Culture. A Global Approach. -New York, Columbia University Press, 2000. - 308 p.
19. Күзекова З. Қазақ тілі. Астана, 2003 ж. -175 б.
20. Мәтін лингвистикасы : оқу құралы / Г.Н.Смағұлова ; Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2002. - 111 б.
21. Жақсылықова К.Б. Қазақ тілі пәні бойынша студенттердің оқу-әдістемелік кешені. Алматы, 2004, 165 бет.

22. Егізбаева Н., Есжанова Г., Әмірова М. Қазақ тілі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ университеті, 2003. - 141 б.

**Қосымша:**

1. С.Р. Тоқсанбай, Г.С. Тоқсанбай, А.С. Тоқсанбаев. Іскер адамдарға арналған орысша-қазақша тілашар. – Алматы, 2007. – 160 б.
2. Б. Белғара, Б. Жүнісбеков, Ұ. Қаяпова, Г. Жүсіпова. Банк саласы (есеп айырысу, төлемдер жасау) қызметкерлеріне арн. орысша-қазақша тілашар. – Астана, 2010. – 254 б.
3. Б. Белғара, Б. Жүнісбеков, Г. Жүсіпова, А. Салықбаева. Кәсіпкерлік, іскерлік қарым-қатынас салалары қызметкерлеріне арн. тілашар. – Астана, 2010. – 266 б.
4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. – Алматы, 2014. Т: 1-30.
5. Культурология: под ред. Н.Г. Багдасарьяна. 5-е изд. М., Высшая школа, 2005
6. Тимошинов В.И. Культурология. Учебное пособие. М.2003.
7. Сапрыкин. Введение в культурологию. Уч.пособие. М.2005.
8. Durham, M.G., Kellner, D. M., eds. Media and Cultural Studies. Keywords. Oxford, Blackwell Publishing, 2000
9. Жұмағұлова А.Ж. Ғылыми стильді оқыту. ) - Алматы: Қазақ университеті, 2010 – 92 б.
10. Салқынбай А.Б., Абақан Е.М. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. Алматы : Сөздік, 2003.

**Интернет - ресурстар:**

terminkom.kz.

tilalemi.kz.

emle.kz.

atau.kz

[www.sozdik.kz](http://www.sozdik.kz)

www. soylem.kz

til.gov.kz

anatili.kz

## **РОІУа 2202– КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ШЕТ ТІЛІ**

**Көлемі 2 кредит**

### **Авторлар:**

**Мәдиева Г.Б.** – филология ғылымдарының докторы, профессор, жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының меңгерушісі

**Таева Р.М.** – филология ғылымдарының кандидаты, шетел филологиясы және аударма теориясы кафедрасының профессор м.а.

**Исмайлова Н.А.** – PhD докторы, жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының доцент

**Исмагамбетова З.Н.** – философия ғылымдарының докторы, дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры

### **Пікір жазғандар:**

**Раев Д.С.**, филос.ғ.д. – Абылайхан ат. ҚазХҚЖӘТУ халықаралық қатынастар факультетінің деканы профессор

**Карабаева А.Г.**, филос.ғ.д. – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті философия кафедрасының профессоры

## **ТҮСІНДІРМЕ ХАТ**

Кәсіби шет тілі бойынша тілдік дайындық инновациялық үлгідегі қазіргі заманғы ЖОО түлегінің кәсіби бағдарланған білім бағдарламасының ажырамас компоненті болып табылады. Шет тілін білу – халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырудың және ғылыми-зерттеу университетінің даму принциптерімен сәйкес академиялық мобильділік аясындағы біліктілікті арттырудың ең негізгі шарттарының бірі. Кәсіби-бағытталған шет тілі студенттердің кәсіби білімдерін қолдануда және тілді жан-жақты игеруде кәсіпке бағытталған материалды қолдану мен іріктеу арқылы көрініс табады.

Пәнді оқыту барысында басқа тілде қарым-қатынас жасаудың базалық біліктілігін ары қарай жетілдірумен қатар тілді кәсіби қарым-қатынас мақсатында қолдану үшін жүйелі, пәндік және тұлғааралық құзыреттердің кәсіби бағдарлы деңгейіне қол жеткізіледі. Кәсіби-бағытталған тіл – жалпы білім беретін мектеп бағдарламасында оқытылатын пәндерінің базалық ағылшын тілі курсының жалғасы болып табылады. Релеванттық студентті оқыту траекториясының жалпы кәсіби және мәдениаралық бағытталуының күшеюін, болашақ мамандыққа, туған мәдениеттің семантикалық және құндылықты қорын өзге мәдениетпен салыстырудағы феноменге шынайы қызығушылықты қалыптастыру болып табылады. Курстың оқу материалын таныстыру кезінде қарым-қатынас аясының және оқытылатын тақырыптардың мазмұнын анық көрсететін түпнұсқалық мәтіндерді, аудио және бейне материалдарды, оқытылатын тіл елінің мемлекеттік



құрылымымен және экономикасымен, мәдени-тарихи қауымдастығымен, қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерімен, маңызды тарихи оқиғалармен байланысты реалийлерді білдіретін тілдік бірліктерді қолдану қарастырылады. Бағдарлама B2-C1 деңгейдегі тіл туралы білімді беруге; мәдениаралық қарым-қатынас құзыреттілігін дамытуға; кәсіби ортада тілді қолдану дағдасын қалыптастыруға бағытталған.

«Кәсіби бағытталған шет тілі» пәнін оқу нәтижесінде студент келесі құзыреттерге ие болуы қажет:

**жүйелі құзыреттер:**

**білуі тиіс:**

- ауызша және жазбаша кәсіби бағытталған мәтіндердің функционалды ерекшеліктерін білу;
- кәсіби қарым-қатынаста қабылданған құжат жүргізудің (бағдарлама аясында) негіздерін практикалық түрде білу;
- халықаралық кәсіби қарым-қатынас жағдайларындағы (бағдарлама аясында) қарым-қатынасының жосықтардың стратегиясы мен әдістерін білу;

**пәндік құзыреттер:**

**жасай алуы тиіс:**

- кәсіби тақырып аясында ауызша (монолог, диалог) сөздерді түсіну;
- мамандыққа байланысты тақырыптарды талқылауға қатысу;
- кәсіби тақырыптарға ауызша хабарламаларды өз бетімен дайындау, соның ішінде мультимедиялық технологияларды қолданып жасау;
- кәсіби-іскерлік қарым-қатынастың типтік жағдайларында түрлі таңбалық жүйелерде (мәтін, кесте, график, диаграмма, аудиовизуалды қатар және т.б.) қалыптасқан ағылшын тілді деректерден қажетті ақпараттарды алу;
- қажет болса сөздікті қолданып ана тілінен мамандық бойынша мәтіннің негізгі мазмұнын ана тіліне аннотациялау, қысқаша мазмұндау және баяндау;

**дағдылану тиіс:**

- кәсіби тақырыптарға хабарламалар, мақалалар, тезистер, рефераттар жазу;
- ауызша және жазбаша пікір айтқанда кәсіби сөйлеуге тән негізгі грамматикалық бірліктерді тану және қолдану;
- ауызша және жазбаша пікір айтқанда терминологиялық сипаттағы белсенді және пассив лексикалық минимумды қамтыған өзінің кең және тар мамандығының негізгі терминологиясын тану және қолдану;
- кәсіби қызметте коммуникативті міндеттерді орындауға қажетті ақпаратты сыни тұрғыдан бағалау және ақпараттық дерек көздерін іріктеу;
- оқу және коммуникативті міндеттерге қойылған жетістікке жету тәсілін өз бетінше анықтау.

**Әлеуметтік-мәдени құзыреттер:**

- меңгерілетін шет ел тілінің мәдениеті тұрғысында іс-әрекет нормасына бағытталған сөйленіс әрекетін құрастыра алу қабілеттілігі;
- қазіргі маманның (іздеу сайттарымен, шетелдік ЖОО-дары мен кәсіби қоғамдастықтардың беттерімен, электрондық энциклопедиялармен және т.б. шет тіліндегі электрондық пошталармен жұмыс істеу) іскерлік қарым-қатынас саласында кәсіби құзыретті қалыптастыратын маңызды құрал ретінде ақпараттық технологияларының мүмкіндіктерін мақсатты және белсенді қолдануда;
- жобалық қызметте, оқу және ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру мен жүргізуде (конференцияларда баяндама жасау, академиялық мобильділік және т.б. бағдарламалар бойынша гранттар мен машықтануларға өтініштерді рәсімдеу).

**Пререквизиттер:**ЖОО-дағы«Шет тілі (ағылшын тілі)».

**Постреквизиттер:**Тіл біліміне кіріспе, Жалпы тіл білімі, бакалавриаттың теориялық пәндері

### ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

| №<br>№ | Тақырыптардың атауы                                                                                                                                                                                                                             |
|--------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1      | Қарым-қатынастың оқу-кәсіби аясы: кәсіби бағытталған шет тілі (ағылшын) мәдениеттану мамандығына кіріспе. Мәдениеттану саласының қазіргі жағдайындағы тексттерімен жұмыс жасау.                                                                 |
| 2      | Мәдениеттану мамандығының аясында қолданылатын метатіл: қазақ (орыс) және ағылшын тілдеріндегі сәйкестілігі. Терминжасамның халықаралық қоры. Ағылшын тіліндегі терминжасам туралы түсінігі. Шет тіліндегі (ағылшын) кәсіби бағытталған термин. |
| 3      | Ағылшын тіліндегі кәсіби бағытталған мәдениеттану мамандығының пәндік аясы. Арнайы мәтіндермен жұмыс.                                                                                                                                           |
| 4      | Бизнес-коммуникациядағы шет тілі (ағылшын). Іскерлік қатынас хаттары (хаттар, факстар, баяндама жазбалары). Мәлімет, жазба, есептеме.                                                                                                           |
| 5      | Бизнес-коммуникациядағы шет (ағылшын) тілі: Келіссөздер, кәсіби дебаттар, презентациялар, конференциялар.                                                                                                                                       |
| 6      | Мәдениаралық қарым-қатынас: ағылшын тіліндегі мәдениеттану мамандығы бойынша дискурсивті тәжірибе.                                                                                                                                              |
| 7      | Оқу үдерісіндегі академиялық қатынас (ағылшын тіліндегі кәсіби бағытталған пәндер бойынша дәрістер және семинарлар)                                                                                                                             |
| 8      | Кәсіби құзыреттер: ағылшын тіліндегі арнайы мәтіндердің бағдарлануы. Арнайы кәсіби бағытталған материалдар және олардың кәсіби қарым-қатынаста ситуациялық тапсырмаларда қолдануы (эссе, мақала, тезис, рефераттар жазу)                        |
| 9      | Мәдениеттану мамандығына бағытталған саладағы көрнекті ғалымдар еңбектері (мәдениеттану ғылыми бағыттағы ғалымдар еңбектерін                                                                                                                    |

|    |                                                                                  |
|----|----------------------------------------------------------------------------------|
|    | рефераттау)                                                                      |
| 10 | Мәдениеттану мамандығына бағытталған пәндерінің кәсіби ағылшын тілімен байланысы |
| 11 | Қазіргі әлемдегі шетел (ағылшын) тілінің ролі.                                   |

## ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

### Кіріспе

«Кәсіби бағытталған шет тілі» – оқытылатын шет (ағылшын) тілі форматында мәдениеттану пәндік аясы туралы теориялық білім жиынтығын ұсынуға студенттердің құзыретін қалыптастыратын оқу пәні.

«Кәсіби бағдарланған шет тілінің» **нысаны** мәдениеттану мамандығының аясында оқылатын шет тілі ағылшын тілінің термині мен түсінігінде білімнің негізгі бағыттарын, мәнін сипаттау.

*Кәсіби бағдарланған шет тілі* оқу пәнінің **пәні** кәсіби бағытталған шет тілі кәсіби ағылшын тілінің арнайы ғылым ретіндегі метатілі болып табылады.

Тілдік дайындықтың екінші кезеңі студенттерде мәдениаралық деңгейде когнитивті және кәсіби құзыретті қалыптастырады, студент тұлғасының зияткерлік және эмоциялық дамуын ынталандырады. Бұл кезеңде студенттердің дамуы шешілетін проблемалық мәселе негізінде коммуникативті-ойлау қызметіне дайындықты көрсетеді. Жазба сөз саласында үйреншікті тіл материалы шегінде бейтарап және ресми сипаттағы жазба сөздің өнімді үлгілерін жазу машығы мен іскерлігін қалыптастыру қарастырылады.

Бағдарлама мәтіндік материалдарды тереңірек үйренуге: түсіндіру, аудару, мәтінді айту, сондай-ақ студенттердің сөздік қорын молайтуға және оқылатын лексикалық бірліктерді талдауға және шет тілін игерудің жеткілікті әлеуметтік, жалпы білімдік деңгейін қалыптастыруды талап етуге есептелген. Оқытудың бұл кезеңінде сөйлеу қызметінің төрт түрінде коммуникативті машық пен шеберлік қалыптасады, ол қоғамдық өмірдің түрлі салаларында тұлғарааралық және мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде шет тілін жеткілікті дәрежеде еркін қолдануды қамтамасыз етеді.

Шет тілін оқытудың бұл курсы қызметтің төрт түрінде: тыңдау, сөйлеу, оқу және жазуда коммуникативті-интермәдени құзырет негізін қамтиды. Бұл көлем шеңберінде құзыреттің жалпыеуропалық шкаласы (ОЕК) B2 деңгейі – базалық стандарттылық деңгейі меңгеріледі.

### **Пәнді оқыту мақсаты:**

Үйренушілерде көпмәдениетті және көптілді орта жағдайында әлеуметтік мәдени, академиялық және кәсіби салаларда тиімді, дербес қатынас үшін басқа тілді коммуникативті құзырет қалыптастыру бұл бағдарламаның **стратегиялық мақсаты** болып табылады.

Оның **практикалық мақсаты** күнделікті және академиялық қарым-

қатынастағы шынайы жағдайларда, сондай-ақ кәсіби қарым-қатынастағы әдеттегі жағдайда ағылшын тілін қолдану шеберлігін қалыптастырудан тұрады.

**Оқу-танымдық мақсаты** ретінде үйренушілердің танымдық қызығушылығын ынталандыру, олардың когнитивтік қабілеттерін дамыту, танымдық қызметтің стратегиясы мен әдістерін қалыптастыру, ағылшын тілінде оқу жұмысының шеберлігі мен машығы ерекшеленеді. Бағдарламаның білімдік мақсатын аталған мамандық бакалаврларының жалпы мәдениет деңгейін көтеру мен ой-өрісін кеңейту құрайды.

Тиісінше, курстың **міндетіне** мыналар кіреді:

- студенттерді филология бойынша жалпы ғылыми, ғылыми-көпшілік және арнайы мәтіндердің жалпы мазмұнын түсіну мен талдауға үйрету;

- жалпы ғылыми және арнайы ауызша мәтіндердің жалпы мазмұнын қоса алғанда ағылшын тіліндегі ауызекі тілді түсіну машығын қалыптастыру мен дамыту, олардан кәсіби қызмет үшін қажет ақпараттар алу мен арнайы ауызша мәтіндерді конспектілеуге машықтандыру;

- жалпы коммуникативті, академиялық және кәсіби талаптарға сай жазбаша мәтіндерді құру машықтарын қалыптастыру мен дамыту;

- пікірталас жүргізу, ақпараттарды ұсыну мен сұрау, ережелерді/тезисті және өз көзқарасын дәлелдеуді қоса алғанда жалпы коммуникативті және кәсіби міндетті шешу үшін қажет сөйлеу машығын дамыту;

- аталған жалпы коммуникативті және кәсіби міндетті шешу үшін студенттерге қажетті грамматиканы білу және лексикалық қорды қалыптастыру мен дамыту;

- тілдік мәселелерді өз бетінше шешу машығын дамыту;

- үйренетін тілдің бір тілді сөздігін қоса алғанда сөздікпен, анықтамалықтармен, мультимедиялық және интернет-ресурстармен жұмыс жасау машығын қалыптастыру мен дамыту;

- күнделікті және кәсіби саладағы көпмәдениетті қарым-қатынас жағдайында шет тілін тиімді қолдану мақсатында мәдениетаралық құзыретті қалыптастыру мен дамыту.

Осы міндеттерді ойдағыдай орындау **түпкі мақсатқа** – кәсіби бағдарланған басқа тілді коммуникативті құзыретті қалыптастырудың тұрақты жүйесін жасауға алып келеді, ол үйренушілердің білімін жалғастыруда, сондай-ақ еңбек нарығында білім мобильділігін іске асыруда бәсекелі басымдықты қамтамасыз етеді.

## **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

**Қарым-қатынастың оқу-кәсіби аясы: кәсіби бағытталған шет тілі (ағылшын) мәдениеттану мамандығына кіріспе. Мәдениеттану саласының қазіргі жағдайындағы текстермен жұмыс жасау**

Студенттердің ғылыми-практикалық конференциясы: баяндамалар, берілген тақырыпқа хабарлама жасау. Мәдениеттану мамандығының кәсіби

саласындағы әртүрлі мәселелерге арналған мақалаларға аннотация және баяндама жасау: «білім беру» түсінігі. Адам өміріндегі білімнің рөлі. Білімді маман қалыптастырудағы шет тілін (ағылшын) білуі. Қарым-қатынас түсінігі. Кәсіби қарым-қатынас – арнайы сала. Адам өміріндегі кәсіби қарым-қатынастың рөлі мен ұғымы. Кәсіби қарым-қатынас тілі. Кәсіби қарым-қатынас стилі. Кәсіби қарым-қатынастағы тілді қолданудың ресми және бейресми түрлері мен формалары. Кәсіби қарым-қатынастағы шет тілінің (ағылшын) рөлі. Кәсіби пәнді оқытудағы шет тілінің (ағылшын) рөлі.

**Мәдениеттану мамандығының аясында қолданылатын метатіл: қазақ (орыс) және ағылшын тілдеріндегі сәйкестілігі.**

Метатіл ұғымы. Метатілдің құрылымы. Мәдениеттану саласындағы арнайы бағыттардың метатіл корпусы. Ағылшын тілі мамандығының терминжүйенің метатілдік негіздері. Мәдениеттану мамандығының жалпы термин парадигмаларының түсініктері. Терминология – ұлттық тілдің құрамдас бөлігі. Терминология мәдениеттану мамандығы аясындағы арнайы теорияларының тілдік моделі. Кәсіби бағытталған шет тіліндегі (ағылшын) терминология. Арнайы білім саласындағы терминжүйенің қалыптасуындағы негізгі дереккөздер. Кіrmеленген шетел терминдері (латын, грек, ағылшын), интернационалдық қор (ағылшын тілі негізіндегі терминжасам). Терминологиялық сөздіктер (Бір тілдік және екі тілдік кәсіби сөздіктер. Шет тіліндегі (дәстүрлі және on-line) лексикографиялық дереккөздер жұмыс). Ағылшын, қазақ/орыс тілдеріндегі кәсіби сөздіктердегі сөзтізбелерді салғастыру. Ақпараттық іздеу (шетелдік базалық деректер, Интернет ресурстар).

**Ағылшын тіліндегі кәсіби бағытталған Мәдениеттану мамандығының пәндік аясы. Арнайы мәтіндермен жұмыс.** Бағытталған ғылым туралы ақпарат. Арнайы ғылымның қысқаша тарихы. Ғылыми аймақтың ішкі құрылымы. Мамандықтың негізгі қызметтері. Кәсіби аймақ және мәдениет. Мамандықтың шет тіліндегі (ағылшын) пәндік аясы. Бағытталған мамандық және оның білім жүйесіндегі орны. Бағытталған мамандық – кәсіби пәндердің жиынтығы. Арнайы ғылымның әртүрлі бөлімдерінің пәні мен нысаны. Арнайы пәндердің негізгі теориялық мәселелері. Арнайы ғылымның көрнекті ғалымдары. Кәсіби ғылымның (бағыт бойынша) қазіргі құрылымы.

**Бизнес-коммуникациядағы шет тілі (ағылшын). Іскерлік қатынас хаттары (хаттар, факстар, баяндама жазбалары).** Мәлімет, Жазба, Есептеме: құрылымы, клише тіркестер, сөз тіркестер. Ағылшын тіліндегі іскери қатынас жазбаларындағы негізгі терминологиялық тілдің шағын қабаты. Іскери жазба хаттарындағы алғашқы ұғымдар мен жиілік терминдері және олардың ағылшын тіліндегі дефинициялары.

**Бизнес-коммуникациядағы шет тілі (ағылшын). Келіссөздер, кәсіби дебаттар, презентациялар, конференциялар. Осы түсініктердің айырым белгілері.** Келіссөз институты: жүргізудің ережелері, түрлері, қызметтері және динамикасы. Кәсіби дебаттар (шешендік өнер) шешендік өнердің жоғарғы пилотажы ретінде. Дебат базасы: кәсіби дебаттарға арналған дәлел мен кейстер базасы. Кәсіби тақырыптар бойынша презентация дайындау. Белгіленген тақырыпта конференция өткізу. Конференцияға шағын баяндама дайындау. Кәсіби сөйленіс құрылымы.

**Мәдениаралық қарым-қатынас: ағылшын тілінде мамандық бойынша дискурсивті тәжірибе.**

Кәсіби ортада мәдениаралық қарым-қатынасты дамыту бойынша тренинг. Әртүрлі мәдениеттер кездесетін ситуацияларды ұтылуы. Тіл – мәдениаралық қатынас ретінде. Қазіргі әлемдегі шетел тілінің рөлі. Тіл және мәдениаралық қарым-қатынас. Ағылшын тіліндегі мәдениаралық қарым-қатынастағы тілдік көрінісінің таптаурын формасы. Мәдениаралық қарым-қатынастың түрлері. Аударма және мәдениаралық қарым-қатынас. Тұлғааралық қарым-қатынас. Өзге мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасындағы негізгі мәдениаралық ерекшеліктермен танысу.

**Оқу үдерісіндегі академиялық қатынас (ағылшын тіліндегі кәсіби бағытталған пәндер бойынша дәрістер мен семинарлар)**

Академиялық қарым-қатынастың параметрлері мен спецификасы. Академиялық қарым-қатынастың және сөйленіс әрекетінің ұлттық-мәдени спецификасы. Академиялық оқу қарым-қатынасы (дәрістер мен семинарлар). Академиялық оқу қарым-қатынасындағы (ағылшын тілінде) сөйлеу мәдениеті. Академиялық оқу (ағылшын тілінде ақпараттың негізінде бағытталған пәндердің мәтіндер типологиясы). Академиялық қарым-қатынастың ауызша формасы (презентация, ғылыми хабарлама, баяндама, талқылау, пікірталас). Шет тіліндегі сабақтарды ұйымдастырудың дәрістік формасы. Тақырыптың негізгі түсініктерін ашу; шет тілінде нақты тәжірибелік мысалдар мен теориялық материалдарды үйлестіру. Шет тіліндегі семинар сабақтары оқу үдерісіндегі ұйымдастырудағы негізгі формасы ретінде.

**Кәсіби құзыреттер:** ағылшын тіліндегі арнайы мәтіндердің бағдарлануы. Академиялық хаттар (эссе, реферат, аннотация, тезис, мақала, баяндама, курстық, дипломдық жұмыстар, диссертация). Арнайы кәсіби-бағытталған материал және оның кәсіби қатынастағы тапсырылған жағдайларда қолданылуы: құрылымы, композиция (эссе, мақала, тезис, рефераттар жазу).

**Мәдениеттану мамандығына бағытталған саладағы көрнекті ғалымдар еңбектері**

Мамандық саласындағы қазіргі әлемдегі негізгі ғылыми парадигмалары. Көрнекті ғалымдар еңбектеріндегі кәсіби саладағы жалпы және жиі қойылатын сұрақтар. Қазіргі қазақстандық ғылыми білімнің өкілдері. Кәсіби сала бағытындағы отандық және шетелдік негізгі үрдістер. Кәсіби мектептер мен концепциялар. Мамандық пәндерінің оқу-әдістемелік көмекші құралдары бойынша мамандық саласындағы танымал ғалымдар еңбектерінен мәтіндер алу (шет тілінде (ағылшын) оқу, аударма және түсінік айту).

### **Мәдениеттану мамандығына бағытталған пәндердің кәсіби шет тілімен (ағылшын) байланысы.**

Осы құрылымға енетін мамандық құрылымдары мен пән ерекшеліктері. Кәсіби шет тілінің (ағылшын) бакалавриаттың негізгі пәндерімен байланысы: «Мамандыққа кіріспе» және т.б. Арнайы кәсіби-бағытталған материалдар және олардың тапсырылған жағдайларда, яғни кәсіби қарым-қатынаста қолданылуы. Кәсіби құзыреттер: шет тіліндегі (ағылшын) арнайы мәтіндерге бағыттау. Кәсіби-бағытталған ағылшын тілінде мамандық бойынша оқу, тыңдалым, мәтіндерге түсінік беру. Мамандыққа арналған мәселелерді шет тілінде конспектілеу, баяндама жасау.

**Қазіргі әлемдегі ағылшын тілінің рөлі.** Ағылшын тілі – дүние жүзінең кең таралған тіл. Қазіргі заман ағылшын тілін талап етуде. Ағылшын тілі - халықаралық тіл. Ағылшын тілі –БҰҰ-ның алты тілінің бірі. Ағылшын тілі қоғамдық құбылыстың бір формасы. Елбасы «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз ағылшын тілін игеруде серпіліс жасауымыз керек деген тұжырымдар. «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасы.

### **СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ**

1. «Кәсіби-бағытталған шет тілі» курсының маңызы және міндеттері.
2. Таңдаған мамандық – ғылыми сала.
3. Ағылшын және қазақ/орыс тілдеріндегі лингвистикалық және әдебиеттану ғылымдары сөздіктерінің сөзтізбелерін салыстыру.
4. Мамандық саласындағы негізгі ғылыми мектептер мен жаңа жетістіктері.
5. Терминжасаудың халықаралық қоры. Тіл және қоғам.
6. Іскери қатынас жазбалары. Іскери құжаттар мәтіндерінің ерекшеліктері
7. Оқулық мәтіндерінің жазбаша композициялары мен құрылымдары (эссе, реферат, мақала).

8. Тіл – мәдениет. Тіл – мәдениаралық қарым-қатынастың құралы.

**СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА  
ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ  
(ағылшын тілінде баяндау )**

1. Сөйлеу мәдениеті. Тілдің функционалды стильдері (ғылыми стиль).
2. Тілдің функционалды стильдері (ресми/бейресми стиль): жалпы түсініктер.
3. Шет тіліндегі сөйлеу әрекетін ұйымдастыру: кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды
4. Құжаттық түрлері: хат, эссе
5. Сөздік түрлері: Электронды сөздіктер
6. Ақпараттық іздеу (шетелдік мәліметтер базасы, Интернет-ресурстар)
7. Сөйлеу мәдениеті. Сөйлеу мәдениетінің мәдени-ұлттық ерекшеліктері.
8. Кәсіби аясында мәдени-аралық қарым-қатынас.
9. Кәсіби аясында ресми және бейресми стильдердің ерекшеліктері.
10. Ғылыми метатіл: белгілері, ерекшеліктері.
11. Ағылшын тілі - халықаралық тіл.
12. «Үштұғырлы тіл мәдени жобасы».

**СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН  
ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ  
(ағылшын тілінде баяндау )**

1. Бакалавр мамандануымен байланысты филология саласындағы қазіргі бағыттар.
  2. Білім беру жүйесіндегі Интернеттің рөлі.
  3. Кәсіби бағытталған тақырыпқа эссе жазуға өзіндік дайындығы.
  4. Кәсіби бағытталған тақырыпқа реферат жазуға өзіндік дайындығы.
  5. Кәсіби бағытталған тақырыпқа ғылыми мақала жазуға өзіндік дайындығы.
  6. Екінші/шет тілін оқыту тиімділігін арттырудың заманауи ақпараттық технологиялары.
  7. Қазіргі әлемдегі ағылшын тілінің рөлі. Ағылшын тілі – жаһандық тіл (пікірталас).
  8. Тіл және ұлттық сипат.
  9. Қазақстандағы үштілділік мәселелері (дөңгелек үстел).
  10. Оқытылатын тіл елінің белгілі қаламгерлерінің шығармашылығы.
- Реферат



11. Қазақстанның танымал қаламгерлерінің шығармашылығы (шет тілінде). Реферат
12. Алам және қршаған орта. Эссе
13. Білім берудің интернационалдануы. Болашақтағы білім беру саласы. Эссе
14. Әлемдегі көптілділікті сақтау мәселелері. Реферат

## **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

### **Негізгі:**

1. Кунанбаева С.С, Кармысова М.К. и др. Концепция развития иноязычного образования Республики Казахстан. Алматы, 2010.
2. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования. Алматы, 2010.
3. Introductory Guide to the Common European Framework of Reference (CEFR) for English Language Teachers. CambridgeUniversity Press. - 2013.
4. Harding K. English for Specific Purposes. OxfordUniversity Press. - 2009.
5. Anthony Manning. English for Language and Linguistics. Garnet education. – 2008.
6. Christina Latham-Koenig and Clive Oxenden. English File. From Intermediate to Upper-Intermediate. Third edition. – OxfordUniversity Press. - 2013.
7. Фрейдина Е.Л. Основы публичной речи. LearningtoSpeakinPublic : учебное пособие для вузов / Е.Л. Фрейдина. – М. : Владос, 2007. – 134 с.
8. Кристалл Д. «English as a Global Language». – Cambridge, New York, Melbourne, Madrid, Cape Town, Singapore, São Paulo, 2003
9. Religion in Public: Locke’s Political Theology (Cultural Memory in the Present) Elizabeth Pritchard. Publisher Stanford University Press, 2013
10. Nabeel Qureshi. No God but One: Allah or Jesus?: A Former Muslim Investigates the Evidence for Islam and Christianity. 2016
11. Michael Molloy. Experiencing the World's Religions: Tradition, Challenge, and Change, 6th EditionNov 14, 2012
- . Габитов Т.Х., Муталипов Ж.М., Кулсариева А.Т. Культурология. Алматы., 2007.
10. Масалимова А.Р. Введение в специальность. Алматы., 2009
11. Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М. Культурология: в новом ключе. А., 2011
12. Barker, Ch. Cultural Studies. Theory and Practice. – London, SAGE Publications, 2006. - 485 p.
13. Lull J. Media, Communication, Culture. A Global Approach. -New York, Columbia University Press, 2000. - 308 p.

**Қосымша:**

1. Марузо Ж. Словарь лингвистических терминов. С указателями языковедческих терминов на французском, немецком, английском и итальянском языках. – М: УРСС, 2004.
2. R. Harrison, S. Philpot, L. Curnick. New Headway Academic Skills. Reading, Writing, and Study Skills. OxfordUniversity Press. - 2009.
3. ArlineBurgmeier, Lawrence J. Zwier, Bruce Rubin, Kent Richmond. Inside Reading. The Academic Word List in Context. Pre-Intermediate to Advanced. Oxford. - 2009.
4. Elizabeth Sharman. Across Cultures. Culture, literature, music, language. Longman. – 2004.
5. J. Lyons. Introduction to Theoretical Linguistics. CambridgeUniversity Press. - 1999.
6. Murphy Raymond. Essential Grammar in Use. Intermediate. CambridgeUniversityPress. – 2010.
7. British National Corpus: <http://www.natcorp.ox.ac.uk>
8. The Corpus of Contemporary American English (COCA): <http://www.americancorpus.org>
9. Jeffrey Brodd and Layne Little. Invitation to World Religions. Jun 26, 2015.
10. Isabella Sandwell. Religious Identity in Late Antiquity: Greeks, Jews and Christians in Antioch. Cambridge University Press, 2013.
11. W. Draper and Kent P. Jackson. A. Missionary's Story, 2015
12. Культурология: под ред. Н.Г. Багдасарьяна. 5-е изд. М., Высшая школа, 2005.
13. Тимошинов В.И. Культурология. Учебное пособие. М. 2003.
14. Сапрыкин. Введение в культурологию. 877Уч.пособие. М. 2005.
15. Durham, M.G., Kellner, D. M., eds. Media and Cultural Studies. Keywords. Oxford, Blackwell Publishing, 2000.

**Ескерту:** Жоғары оқу орны пәннің жұмыс бағдарламасының әдебиеттер тізімін керекті оқулықтар мен оқу құралдарымен толықтыра алады.

## **Etі 1203 – ЭТИКА**

**Көлемі 3 кредит**

**Автор:**

**Көбекова Б.К.** – Дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқушысы

**Пікір жазғандар:**

**Сағикызы А.** – философия ғылымдарының докторы, ҚР БЖҒМ ҒК философия, саясаттану және дінтану институтының доценті

**Әбдіғалиева Г.Қ.** – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры

### **ТҮСІНДІРМЕ ХАТ**

«Этика» пәні бойынша Типтік оқу бағдарлама 5B020400 – Мәдениеттану мамандығының Типтік оқу жоспарына сәйкес құрастырылған. Бүгінгі таңда қазақстандық қоғамда белгілі бір «құндылықтарды қайта бағалау» жүзеге асырылуда. Шынайы жалпы адамзаттық моральдық құндылықтармен қатар, жалған «құндылықсымақтар» да енгізіле бастаған уақытта бұл үдерістер қайшылыққа ұшырайды. Халықтың бір бөлігінің мораль мен дінге назары ауып тұрған шақта, қылмыс, нигилизм, діни экстремизм мен терроризм де өрши түседі. Қоғамда қара күшті қуаттайтын, антиқұндылықтық, «асқан адам», мистика мен аморализмді негіздейтін әр түрлі ілімдер тарала бастайды. Сондықтан мораль мен дін туралы іргелі ғылыми білімді игеру өте маңызды. Құйылып жатқан ақпаратты дұрыс бағалау үшін, әлі де өмірлік тәжірибе жинақтамаған жастарға бұл аса қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстан шаруашылық этиканың өзіндік адамгершілік нормалары бар жаһандық экономикаға кірігіп, әлемдік нарыққа аяқ басуда. Және де Қазақстан толыққанды және сыйлы серіктес болғысы келсе, адам қызметінің барлық саласында жалпы қабылданған адамгершілік үрдістерді ұстануы қажет. Сонымен қатар, әрбір мамандықтың өзінің адамгершілік ерекшеліктері бар, оларды игеру және ұстану кәсіби табысқа жеткізеді. Алайда, кәсіби этиканың нормаларын ұстану үшін оларды білу және дұрыс бағалау қажет.

**Компетенцияның негізгі формалары:**

**Студент білуі қажет:**

- этиканың пайда болуының теориялық және әлеуметтік негіздері;
- этика тарихы мен теориясының негіздері;
- этиканың негізгі бағыттары мен ағымдары;

- этикалық ойдың негізгі теоретиктерін, өкілдерін білу.

**Студент игеруі қажет:**

- мәдениеттанулық білім пәні ретінде этиканың ерекшелігін анықтау;
- тарихи ретроспективадағы этиканың негізгі түсінік, анықтама, категорияларын білу;
- мораль табиғаты мен пайда болуының әдістемелік және теориялық мәселелерін білу;
- сана мен практикалық қызмет саласы ретінде мораль құрылымы мен мазмұнын талдау;
- этикалық теория мен корпоративтік этика мәселелері бойынша жоба, ғылыми баяндама, курстық жұмыс, эссе дайындау.

**Пререквизиттер:** Қазақстан тарихы, әлем тарихы, ежелгі дәуір мәдениеті, философия тарихы, антика мәдениеті, ортағасыр мәдениеті, қайта өрлеу мәдениеті.

**Постреквизиттер:** Мәдениет теориясы, қазақ мәдениетінің тарихы, заманауи мәдениет, бұқаралық мәдениет теориялары, постмодернизм мәдениеті.

## ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

| №   | Тақырыптың атауы                                                             |
|-----|------------------------------------------------------------------------------|
|     | Кіріспе.                                                                     |
| 1.  | Этика пәні                                                                   |
| 2.  | Ежелгі Шығыстың этикалық ілімдері                                            |
| 3.  | Антика этикасы.                                                              |
| 4.  | Ортағасырлық діни, теологиялық этика.                                        |
| 5.  | Қайта Өрлеу және Жаңа заман этикасы                                          |
| 6.  | Моральдық таңдау және моральдық ережелер.                                    |
| 7.  | Моральдық міндет және категориялық императив.                                |
| 8.  | Дәстүрлі қазақ этикасының ерекшеліктері.                                     |
| 9.  | Заманауи этикалық ұғымдар.                                                   |
| 10. | Жеке тұлғалық құндылықтар және индивидтің әлеуметтік тәртібінің типологиясы. |
| 11. | Моральдық бостандық және тұлғаның өнегелік жауапкершілігі.                   |
| 12. | Қоғамдық және жеке-дара бағалау.                                             |
| 13. | Моральдық пайымдау логикасы. Деонтикалық этика.                              |
| 14. | Өнегеліктің гуманисттік табиғаты.                                            |
| 15. | Заманауи этикалық теориялар.                                                 |

## ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

### Кіріспе

Этиканың пәні мен мағынасы. «Этика» терминінің этимологиясы. Этика – мораль және өнегелік туралы ғылым ретінде. Мораль деген не?

Адамзат қоғамындағы моральдың функциялары. Этиканың әлеуметтік-философиялық, аксиологиялық, методологиялық, дүниетанымдық аспектілері. Этика және психология. Мораль және құқық. Мораль және өнер. Мораль және саясат. Мораль және бизнес. Этиканың негізгі даму кезеңдері. Моральдық таңдау және моральдық ережелер. Этиканың тарихи дамуы.

**Күрсты оқытудың мақсатымен міндеттері:** этикада адамның өмірін арнауға тұратын адамгершілік өмірі, оның құндылықтары мен асқақ сезімдері арнайы оқу пәні ретінде алынады. Этика бастабында «практикалық философия» ретінде қалыптасады, оның басты міндеті болмыстың құрылымы мен оны тану шарттары емес, адамды қоршаған әлем және өз-өзімен дұрыс, яғни, «игілікті», әділетті, лайықты үйлесімділікте өмір сүруге үйрету болып табылады. Этика тарихы мен теориясын қарастыру адам мәдениетіндегі моральдықтың орны мен рөлін түсінуге, тұлғаның жалпы және кәсіби мәдениетін жоғарылатуға, адамның бойында адамгершіліктің құндылықтарға саналы қатынас жасауды үйренуге, өзбетіндік және жауапкершілікті өмірлік таңдау жасау қабілетін игеруге, сол арқылы теория мен практикада мықты гуманистік ұстанымдарға қол жеткізуге көмектеседі.

**Пәні:** этиканың пәні мораль, өнегелік, моральдың функциялары мен құрылымы болып табылады.

**Объектісі:** моральдың әртүрлі қоғамдық қатынастар жүйесіндегі алатын орны, өнегеліктің пайда болуы және тарихи дамуы.

«Этика» терминін философия аясында тұңғыш еңгізген әрі осы тақырыпта қаламын көсілте жазған адамзаттың ұлы ұстаздарының бірі – Аристотель еді. Аристотель «этика» деп этикалық ізгіліктерді зерттейтін ғылымды айтады. Бұл тұста еске сала кететін бір жай- Аристотельдің ізгіліктер туралы ілімінің негізгі қағидалары. Ол бойынша, адам бойындағы ізгіліктер екі негізгі түрден тұрады: этикалық және дианэтикалық. Егер этикалық ізгіліктер адамның мінез-құлқына, темпераментіне жататын болса, дианэтикалық ізгіліктер адамның ақыл-парасатына тиеселі дүниелер. Сөйтіп, Аристотель этикалық ізгіліктер құрамына: жомарттық, батылдық, шыншылдық, ал дианэтикалық ізгіліктерге: ақыл, парасатты жатқызады.

Нақты өмірдегі адамгершілік құлықты, сол адамгершілік құлықты қалыптастырушы принциптер жиынтығы – моральды зерттейтін философиялық ғылымды біз «этика» деп атаймыз

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### Ежелгі Шығыстың этикалық ілімдері

Буддизм рухты мәңгі деп танитын дін. Ол адм өмірінің мәнін не біржақты қызық қуып, ләззат алудан да (гедонизмнен), не біржолата өмірден безінген, тәнін азаптаушы тақуалықтан да (аскетизмнен) таппайды. Өмірдегі ең биік мұратты нирванадан, яғни бүткіл дүние әсерлеріне бейтарап, транстық халден тапқан буддизм оған жетудің сегіз жолын көрсетіп, өмірдің төрт анығы, ақиқаты туралы айтады. Төрт анық мына төмендегілер:

- өмір дегеніміз азап;
- азаптың себебі бар, ал азаптың көзі – адамның қалау-тілеуінде, ниетінде;
- азаптан құтылу мүмкін, ондай болмыстың өзімен-өзі теңдескен бақытты күйін «нирвана» деп атайды;
- азаптан құтылу жолы бар, ол жол – «ортадағы тура жол» деп аталады да оның мәні адам қалауын тәрк етуде болып табылады. Оған жету жолын арийлік сегіз қырлы шартарап деп қарастырамыз.

Сегіз қырлы шартараптың мазмұнына мыналар тиеселі: саф сенім, ақ ниет; шыншыл сөз, дұрыс амал-әрекет, салауатты өмір салты, қажырлы қайрат, таза жады, адал зейін – жалпы, иманды тіршілік.

Конфуцийшілдық - әлеуметтік этикалық жүйе. Ең маңызды нәрсе – рәсімділік. Конфуций іліміндегі «жень» ұғымы адамсүйгіштік, адам бойындағы шынайы адамдық қасиеттің айғағы болып табылатын адамгершілік дегенді білдіреді. «Женьмен» тығыз байланыста, тіпті ажыратылмайтын байланыста қарастырылатын тағы бір орталық ұғым – «ли»-рәсім. Яғни рәсімділік адамсүйгіштікке негізделуі керек, ал адамгершілік құлық рәсімді қадағалау арқылы жүзеге асады.

Конфуцийдің ұлы уағыздарының басты өмірлік қағидасы – ата-аналарды құрметтеу мен өзіңнен үлкендерге ізет көрсете білу. Ұлы парызкердің басты құндылығы мен ерекшелігі – оның Шығыс елдеріне тән рухта мемлекеттік және адамгершілік парыздарды бір-бірімен ұштастыра білуінде болып саналады.

### **Антика этикасы**

Антика ойшылдарының этикалық көзқарастары: Сократ, Платон, Аристотель. Софистер, эпикурейшілдер, стоиктердің философия-этикалық ілімдері. Сенека, Марк Аврелий, Эпиктет және т.б.

### **Ортағасырлық діни, теологиялық этика**

Өнегелік туралы христиандық ілім. Аврелий Августин, Фома Аквинский, Эразм Роттердамский, Мартин Лютер және т.б. этикалық көзқарастары. Христиан дінінде Христос өнегеліктің және моральдың идеалы ретінде.

### **Қайта Өрлеу және Жаңа заман этикасы**

Қайта Өрлеу дәуіріндегі гуманиз идеалдарын жариялау. Ұлы гуманисттердің ілімдері: Дж. Пико дела Мирандола, Ф. Петрарка, Л. Вала. Т. Гоббс, Б. Спинозаның этикалық ілімдері. Гегельдің этика-философиялық көзқарасы.

### **Моральдық тандау және моральдық ережелер**

Өнегелік істің құрамы мен мазмұны. Моральдық тәжірибе және моральдық сана. Өнегеліктің ұғымы және өнегелік қатығыстардың түрлері.

Әлеуметтік тәртіп жүйесіндегі ережелер. Моральдық бостандық және тұлғаның өнегелік жауапкершілігі.

### **Моральдық міндет және категориялық императив**

Жігер және И. Канттың этикасындағы категориялық императив. Моральдық принциптер. Моральдық кодекс. Нормативты этикасының табиғаты. Моральдық, саяси және құқықтық нормалардың бірлігі мен әртүрлілігі. Мораль және әлеуметтік төңкеріс. Әлеуметтік процестеріндегі саяси және моральдық қайшылықтар.

### **Дәстүрлі қазақ этикасының ерекшеліктері**

Қазақ ойшылдарының философия-этикалық ілімдері. Қазақ қоғамындағы этика мен құндылықтардың бірлігі және біртұтастығы. Абай, Шәкәрім, Яссауи, Қашғари, Төрайғыров және т.б. этикалық ілімдері. Қазақ елінің рухани құндылықтарының даму ерекшеліктері және динамикасы.

### **Заманауи этикалық ұғымдар**

XX ғ. Этикалық теориялары. XIX-XX ғғ. Орыс ойшылдарының өнегелік туралы ілімдері. Экономика және өнегелік. Мораль, құқық және саясат. Корпоративті этика. Кәсіби этика. Әлемдік діндердің этикалық доктриналары және құндылықтары.

### **Жеке тұлғалық құндылықтар және индивидтің әлеуметтік тәртібінің типологиясы**

М. Вебердің этикалық ілімі. М. Вебердің «әлеуметтік типтер» туралы теориясы. Жеке тұлғаның құндылықтарын қалыптасуына объективті және субъективті факторлардың әсері.

### **Моральдық бостандық және тұлғаның өнегелік жауапкершілігі**

Моральдық бостандық мәселесінің философия-этикалық дәстүрлері. Қоғамды дамыту және адамның тұлғалық дамуындағы екіжақты процесі (объективті және субъективті). Моральдық қажеттілік. Моральдық талап. Аномия заманауи қоғамның мәселесі ретінде. Девиация және әлеуметтік бақылау. Өнегелік-құқық мәдениетінің негізгі элементтері (бостандық, құқық, теңдік). Этиканың критерийлері. Адамның өнегеліктігінің критерийлері. Этос. Ұлттық мінез.

### **Қоғамдық және жеке-дара бағалау**

Моральдық бағалау, оның табиғаты мен ерекшелігі. Моральдық бағалаудың объектілері - экономика, саясат, құқық, қоғамның рухани мәдениеті. Этика және этикет. Кәсіби этика. Бизнес этикасы. Саясат этикасы. Ғалымның этикасы. Дискурс және коммуникатив этикасы. Художниктің этикасы. Оқытушының этикасы. Студенттің этикасы.

### **Моральдық пайымдау логикасы. Деонтикалық этика**

Ақиқат және құндылық. Ф. Ницше «Құндылықтарды қайта қарастыру» еңбегі. Этиканың «тәжірибелік философиядан» метаэтикаға айналуы. Дж. Мурдың этикалық көзқарасы.

### **Өнегеліктің гуманисттік тәбиғаты**

Өнегелік мәдениет. Жанұя қарымқатынасының этикасы. Махаббат айнасындағы мораль. Этикалық тәртіп пен қарым-қатынастың негізгі принциптері мен нормалары. Тұлғаның әлуметтенуіндегі этикалық бағдарлама. Толеранттылық жоғарғы гуманисттік өнегеліктің көрінісі ретінде. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар. Адамның барлық іс-әрекетінің гуманистік бағасы.

### **Заманауи этикалық теориялар**

Этиканың натуралисттік концепциялары. Эволюциондық этика(Г. Спенсер, П.А. Кропоткин). Ф. Ницшенің өмір философиясы.Метаэтика. А. Айер, Б. Рассел, Р. Карнаптың этикалық көзқарастары. Моральдың лингвистикалық сараптауы (С. Тулмин, Р. Хаер, П. Ноуэлл-Смит). Экзистенциализм ағымының философиясы. Биоэтиканың заманауи мәселелері.

## **СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ**

1. Этика мораль және өнегелік туралы ғылым.
2. Этиканың дамуындағы негізгі кезеңдері мен ағымдары.
3. Этикалық ілімнің типологиясы. Этиканың философиялық және діни жүйесі.
4. Ежелгі Шығыстың этикалық ілімдері.
5. Антика этикасы.
6. Ортағасырдың діни этикасы. Заманауи шығыс және батыс этикасының салыстырмалы сараптау.
7. Моральдық іс-әрекет және оның құрылымы.
8. Моральдық принциптер. Моральдық кодекс. Нормативты этиканың табиғаты.
9. Қазақ этикасының тарихының даму ерекшеліктері.
10. Қазақ қоғамындағы дін мен моральдың арасындағы қарым-қатынасының ерекшелігі.
11. Қазақ ойшылдарының шығармашылықтарындағы адамшылық мәселесі.
12. Индивид әлеуметтік туынды типологиясы ретінде.
13. Адамның мінез-құлқысының жалпыадамзат құндылықтарына беімделуі.
14. Моральдық баға және әртүрлі әлеуметтік бағалар.
15. Ақиқат және құндылық.



## **СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ**

1. Нормативты этика, мораль психологиясы, моральдың әдістемелік аналогиясының негізгі ережелері.
2. «Натур» этикасының жүйесі: эвдемонизм, өзін-өзі тану теориясы, утилитаризм.
3. Моральдық бостандық және тұлғаның өнегелік жауапкершілігі.
4. Өнегелік іс және оның бағасы.
5. Моральдық баға, оның тәбиғаты мен ерекшелігі.
6. Заманауи әлемдегі өнегелік құндылықтардың трансформациясы.
7. Батыстың прагматизм құндылықтарының әлемдік мәдениетке беріп отырған әсері.
8. Қазіргі заманда қазақ елінің дәстүрлі моральдық құндылықтарының сақтау мәселелері.
9. Заманауи қоғамның моральдық санасы.
10. Корпоративты этика.
11. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар.
12. Кәсіби іс-әрекеттің этикалық өлшемдері.
13. Прогматизм және консьюмеризм кезеңіндегі дәстүрлі моральдық құндылықтарды сақтап қалу мәселелері.
14. Мекемелердің жұмысының этикасы және басшының этикасы.
15. Жастар субмәдениеті, аккультурация және әлеуметтену мәселелері.

## **СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛҒАН ҮЛГІЛІ ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ**

1. Аристотельдың «Никомах этикасы»н еңбегіне сараптама жасау.
2. Әл-Фарабидің әлеуметтік-этикалық трактаттары.
3. И. Канттаң «Өнегеліктің метафизикасының негіздері» еңбегіне сараптама жасау.
4. Ф. Ницшенің «Воля к власти. Опыт переоценки всех ценностей» атты еңбегіне сараптама жасау.
5. Абайдың «Қара сөздеріндегі» этикалық көзқарасы.
6. Умберто Эконның этикалық ойларына сараптама жасау.
7. Шәкәрім Құдайбердиевтің «Үш анық» еңбегіне сараптама жасау.
8. Қазіргі заманның өнегелік мәселелерін анықтау.
9. Корпоративты этиканың қабылдау қажеттілігіне негіздеме беру.
10. Тұлғаның моральдық құндылықтарының қалыптасуындағы жанұяның, оқу орындарының атқаратын ролі.
11. Жетістікке жеткен адамның имиджімен репутациясы, оның өнегелік көрсеткіші ретінде.
12. Тұлғаның қалыптасуындағы заманауи өнегелік мәселелерін анықтау.

13.Тұлғаның этикалық принциптеріне бұқаралық ақпарат құралдарының (ғаламтор, масс-медиа және т.б.) беретін әсері.

14. Жастардың әлеуметтенуіндегі дәстүрлі және дәстүрлі емес жолдары.

15.Дәстүрлі этиканың ерекшелігі және оның мәдениеттердің интеграция жағдайындағы трансформациясы.

### **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

#### **Негізгі:**

1. Абай. Шығармалары. А.,2007.
2. ЖарықпаевҚ.,Ғабитов Т. Әдеп негіздері. А.,2003 ж.
3. Құлсариева А. Этика. А.,2001 ж.
4. Гуревич П.С. Этика. М., 2012
5. Нуржанов Б.Г., Ержанова А. Культурология в новом ключе. Караганда, 2011

#### **Қосымша:**

1. Алтаев Ж. Қазақ халқының рухани мұралары. А.,2000 ж.
2. Әуезов М. Абайтану дәрістері. А.,1994 ж.
- 3.Оңғаров Е. Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары. Алматы,2013
4. Бұлутай М. Ата баба діні. А.,2000 ж.
5. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. А.,2009 ж.
6. Ежелгі Үнді философиясы. М.,2004ж.
7. Ежелгі Қытай философиясы. Текстер жинағы. 2 том.2006ж..
8. Кант И. Основы метафизики нравственности. М., 2009
9. Умберто Эко Пять эссе на тему этики. СПб., 2007
10. История этических учений. М., 2003
11. Габдурахманова Н.Н. Этика и культура управления. Киев, 2008
12. Этика и психология деловых отношений. Евразийский открытый институт. М., 2011
14. Данилкова М.П. Этика и современность. Новгород, 2011
15. Ильиных И.А. Экологическая этика. М., 2014
- 16.Хоманн К., Бломе-Дрез Ф. Экономическая этика и этика предпринимательства. М., 2013
17. Горелова Т.А., Горелов А.А. Этика. М., 2011
18. Вигерлинг К. Этика СМИ. М., 2014.

## **Est 1204 – ЭСТЕТИКА**

**Көлемі 3 кредит**

### **Авторлар:**

**Көбекова Б.К.** – Дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы

### **Пікір жазғандар:**

**Сағикызы А.** – философия ғылымдарының докторы, ҚР БЖҒМ ҒК философия, саясаттану және дінтану институтының доценті

**Әбдіғалиева Г.Қ.** – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры,

## **ТҮСІНДІРМЕ ХАТ**

«Эстетика» пәні бойынша Типтік оқу бағдарлама 5B020400 – Мәдениеттану мамандығының Типтік оқу жоспарына сәйкес құрастырылған. Қазіргі уақыт өркениеті жағдайында ақпараттық құралдардың адами құндылықтар мен мұраттарды анықтауға тигізетін үлкен әсері тұсында кемелділік мұраты, бейнесі, өнер философиясы ретінде эстетика түгелдей өзгеріске ұшырап отыр: пайда болу, өнердің тарихи морфологиясы, өнер дифференцияциясының ұлғаюы мен жаңа түрлерінің туындауы, барлық көркем мәдениеттің көркем, әлеуметтік, этнологиялық және т.б. қабаттарға бөліну мәселелері. Адамзаттың эстетикалық дамуы барысында сонау Ежелгі Греция заманынан бері қаралатын және талқыланатын өнерді жіктеу мәселесі өзіне әрдайым зерттеушілік пен педагогикалық-білім берушілік назар аударып отыруды талап етеді, себебі өнер жүйесіне, яғни әлемді танудың бейнелік саласына компьютерлік өнерді де қосқанда көптеген жаңа өнер түрлері еніп келеді, олар уақыт өткен сайын өзіндік ерекше көркем-бейнелі табиғатын табады. Әрине, өнердің жаңа түрлерінің туындауы компьютерлік технология құралдары арқылы үйлесімді түрде әлемдік ақпараттық желіге кіріп отыратын, адамдардың көп бөлігінің сезім, ой және ерігіне әсер етудің жаңа мүмкіндіктерін ашу қажеттілігін туындатады. Ал эстетикалық құбылыстарды зерттеу мен туындауына деген мәдениеттанулық және іскерлік ыңғайлар эстетикалық және шығармашылық мәселелер арқылы эстетиканың шекараларын кеңейтті, әсіресе көркемдік және эстетикалық қызметтің заңдарын қарастыру мен негіздеу.

Осыған қарай кемелділік, сұлулық туралы адамзат тарихындағы орын алған көзқарастарды салыстыра зерттеу өте өзекті мәселе. Өйткені эстетикалық қатынастар мен байланыстар континуумы белгілі бір мәдени-әлеуметтік кеңістікті құрайды, ал Кант айтпақшы, эстетикалық пайымдау қабілеті тек қана мәдени нәтиже емес, оны қозғаушы, дамытушы күштердің бірі.

#### **Компетенцияның негізгі формалары:**

##### **Студент білуі қажет:**

- эстетика пайда болуының теориялық және әлеуметтік негіздері;
- өнер тарихы мен теориясының негіздері;
- өнер стильдерінің, көркем әдебиет, музыка т.б. негізгі бағыттары мен ағымдарын білу;
- өнер теоретиктерінің, сонымен қатар аса белгілі әртүрлі өнер жанрларының өкілдерін білу.

##### **Студент игеруі қажет:**

- мәдениеттанулық білім пәні ретінде эстетиканың ерекшелігін анықтау;
- тарихи ретроспективадағы эстетиканың негізгі түсінік, анықтама, категорияларын;
- өнердің әртүрлі жанр, стиль, түрлерін айыру, білу;
- эстетикалық теория мен өнер мәселелері бойынша жоба, ғылыми баяндама, курстық жұмыс, эссе дайындау.

**Пререквизиттер:** Антика мәдениеті, Қазақстан тарихы, Көне дәуір және архаикалық мәдениет, Әлемдік көркем мәдениеті, ортағасыр мәдениеті.

**Постреквизиттер:** Философия тарихы, заманауи мәдениет, бұқаралық мәдениет теориялары, қазақ мәдениетінің тарихы, мәдениет философиясы.

### **ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

| <b>№</b> | <b>Тақырыптың атауы</b>                             |
|----------|-----------------------------------------------------|
|          | Кіріспе                                             |
| 1.       | Эстетиканың ғылым ретінде қалыптасуы.               |
| 2.       | Ежелгі Шығыстың эстетикалық көзқарастары            |
| 3.       | Антика эстетикасы.                                  |
| 4.       | Батыс Еуропаның ортағасырлық эстетикасы             |
| 5.       | Шығыстың Араб-мұсылман эстетикасы                   |
| 6.       | Қайта Өрлеу дәуірінің эстетикасы                    |
| 7.       | Классицизм эстетикасы                               |
| 8.       | Ағартушылық кезеңінің эстетикасы                    |
| 9.       | 18ғ. және 19ғ басындағы неміс классикалық эстетика. |
| 10.      | Эстетика және қазіргі заман.                        |
| 11.      | Эстетиканың негізгі категориялары                   |
| 12.      | Өнердің эстетикалық негіздері                       |
| 13.      | Қоғамның және тұлғаның эстетикалық мәдениеті        |

|     |                                      |
|-----|--------------------------------------|
| 14. | Көркем образының кеністікпен уақыты. |
| 15. | Постмодернизм эстетикасы             |

## ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

### Кіріспе

**Курсты оқытудың мақсатымен міндеттері:** болашақ маманның теоретикалық базасын көтеру, оның эстетикалық мәдениетін тереңдету, өнер философиясынан қажетті білімдерді алу және оның ішіне кіретін адамның іс-әректінде алатын өнімдеріндегі эстетикалық нәтижелерді, өнер арқылы студенттерді әлемдік және отандық мәдениеттің інжу-маржандарымен таныстыру:

- эстетиканың негізгі ұғым-түсініктерімен таныстыру, оның теориялық қайнар көздерін ашу;

- эстетикалық құралдармен адамның өзін өзі тануына және шығармашылық қабілеттерін арттыруға әсер ететін құндылықтар, көзқарастар мүдделер мен талғам қалыптастыру.

*Объектісі:* эстетикалық тәбиғат, қоршаған ортамен өнердегі көптүрлілігі, адамның қоршаған әлемге деген эстетикалық қатынысының принциптері, өнердің мәнімен заңдылықтары.

*Пәні:* адамның сезім арқылы дүниені тануы, эстетикалық категориялар, эстетиканың ғылым ретінде тарихи қалыптасуы.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### Эстетиканың ғылым ретінде қалыптасуы

Эстетиканың ғылым ретінде құрылымы. Эстетикалық іс-әрекеттің формаларындағы әртүрлілігі. Эстетикалық және көркемдік іс-әрекеттің арасындағы қатынас. «Эстетикалық», «әсемділік», «трагедиялық», «күлкілі» ұғымдары. Эстетикалық қасиеттердің әртүрлілігі. Эстетика шығармашылық іс-әрекет туралы ғылым. Көркем шығармашылықтың эстетикалық механизмдары.

### Ежелгі Шығыстың эстетикалық көзқарастары

*Көне Үндістан мен Қытай.* Көзқарас спецификасы, әлемді қабылдау ерекшеліктері; эстетикалық ойлардың әлем дамуынан тысқарылығы. Этикалық пен эстетикалықтың синтезі. Салтанаттар мен рәсімдердің рөлі. Өнер түрлерінің дамуы. Сәулеттік және әдеби ескерткіштер. Әдеби теориялар ("дхвани" теориясы"), эстетикалық қабылдау проблемасы. Фэн шуй.

### Антика эстетикасы

Ежелгі Грек және Рим мәдениетінің (б.ғ.д.VII-VI ғғ.) дамуының алғашқы кезеңіндегі эстетикалық талғамның мифологизмі мен космологизмі. Агональдылық - антика мәдениетінің бір көрінісі. Адамның ішкі және

сыртқы дамуының үйлесімділігі (калокагатия). Пифагоршылардың, Сократтың, Платонның, Аристотельдің, Цицеронның, Горацийдің, Лукреций Кардың, Плотиннің эстетикалық көзқарастары. Әсемдік, өлшем, гармония, симметрия, пропорция ұғымдары. Антика әлемінің өнері: театр, музыка, поэзия, пластика, сәулетөнері, мүсін жасау өнері, көркем өнер. Катарсис ұғымы, мимесис теориясы.

### **Батыс Еуропаның ортағасырлық эстетикасы**

Батыс Еуропалық ортағасырлық эстетика дамуының негізгі бағыттары мен периодтары. Геоцентризм ортағасырлық мәдениетінің фундаментальді принципі ретінде. Аврелий Августин, Боэций, Дионисий Ареопагит және Фома Аквинскийдің эстетикалық концепциялары. Өнердің дамуының ерекшеліктері: символдылық, руханилық, аскеттік, жоғары сезімталдық. Ою-өрнекқолданбалы өнері. Қала мәдениеті. Роман стилі. Готика стилі.

### **Шығыстың Араб-мұсылмандық эстетикасы**

Араб-мұсылмандық Шығыстың эстетикалық идеяларының дамуы және мәдениет спецификасы. "Адаб" туралы оқу. әл-Фарабидің, Ибн Синаның, ибн әл-Хайсама, ибн әл-Араби және Омар Хайямның эстетикалық теориялары. Көркемдік шығармашылық және еліктеу теориясы. Музыка, әдебиет, поэзия каллиграфия өнері.

### **Қайта өрлеу дәуірінің эстетикасы**

Қайта өрлеу дәуірінің ерекшеліктері: антропоцентризм, гуманизм, оптимизм, эстетизм, скалярлық; "титандар ғасыры", "ұламалар ғасыры". Өнерлердің өркендеуі: көркем өнер, мүсіндеу, сәулет, музыка, поэзия, әдебиет т.б. Бұлғасырдың әйгілі ғұламалары: Петрарка, Данте, Бокаччо, Шекспир, Сервантес, Микеланджело, Леонарда, Рафаэль т.с.с.

Эстетикалық көзқарастар мен теориялар: Пико делла Мирандола, Альберти, Николай Кузанский, М.Фичино. Еліктеу теориясы, "алтын орта" заңдылығы, ашық перспективалар.

### **Классицизм эстетикасы**

Классицизм өнерінің ажыратылатын белгілері: жоғары моральдық пафос, батырлық іс-әрекеттің әлемге әйгілі болуы, аристократизм; рационалдылық; сезім және парасат дуализмі, ақыл-ес пен табиғаттың дуализмі. Эстетика теориясының негізгі өкілдері: Р. Декарт, Ф. Малерба, Н. Буало. Сұлулықтың негізгі критерийлері: қатаң симметрия, үйлесімділік, бірлік. Барокко өнері. Бұл бағыттың өкілдері: Растрелли, Рубенс, Ван Дейк, Марино (маринизм). ұшқыр ойлылықәмбебап эстетикалық принципі. Рококоның көркемдік өнері. Классицизм өнері.

### **Ағартушылық кезеңінің эстетикасы**

Бұл ғасырдың негізін салушы белгілері: адам санасының мәртебесі, діни көзқарастарға сын, ағартушылық құралы арқылы қоғамды үйлестіру,

бостандық идеалы, туысқандық, теңдік идеалы. Философиялық-эстетикалық бағыттардың алуан түрлілігі. Көркемдік талғам теориясы. Осы кезеңнің негізгі өнер теоретиктері: А. Шефтсбери, Локк, Юм (Англия); Д. Дидро, Руссо, Вольтер, Гельвеция (Франция); Лессинг, Винкельман, Гердер ("Буря и натиск" қозғалысы) (Германия); Карамзин, Державин, т.б. (Россия).

### **18ғ. және 19ғ. басындағы неміс классикалық эстетика**

И. Канттың эстетикалық көзқарастары. «Эстетикалық күрінулік және "еркін ойын" ұғымдары. Сұлулықтың болуының амбиваленттілігі. Эстетиканың категориялары: мақсаттылық, әсемділік және жоғарылық. Өнер классификациясы. Даналық теориясы. Гегельдің эстетикалық идеялары. Эстетика өнер философиясы ретінде. Сұлулық, әсемдік ұғымы. Өнер түрлерінің классификациясы: пластикалық, музыкалық, сөздік. Романтизм өнері.

### **Эстетика және қазіргі заман**

Батыс мәдениетіндегі эстетикалық идеалдары мен құндылықтары. Әлеуметтік-мәдени жағдай, ғылыми-техникалық прогресс. Реализм өнері. Шығармашылық әдістері: сыншыл реализм, соцреализм, модернизм, постмодернизм. Модернизм және постмодернизмнің көркем жүйелері. Дәуірдің ағымдары мен стильдері: декаданс, экспрессионизм, символизм, акмеизм, футуризм, авангардизм, кубизм, сюрреализм, деконструкция және т.б.. Элиталық өнер және бұқара мәдениеті.

### **Эстетикалық категориялар /жалпылама ұғымдар**

Эстетикалық категориясы- оқытылатын пәннің негізгі категориясы ретінде. Эстетикалық қатынас категориялары:

А) Әсемдік, сұлулық-көріксіз.

Б) Тәкәппарлық – мүсәпірлік

В) Трагедиялық, үрей,

Г) Комедиялық: гротеск, сарказм, сатира, юмор, ирония.

Эстетикалық құндылықтар; көркемдік;

Эстетикалық қызмет категориялары.

Эстетика заңдары (көркемдік өнер заңы, әлеуметтік болмыс өнері, қабылдау өнері, көркемдік процесі). Эстетикалық талғам; көркемдік талғам. Эстетикалық мұрат. Эстетикадағы белсенділік пен құндылық. Эстетикадағы өлшем, баға.өнердегі өлшем.

### **Өнердің эстетикалық негіздері**

Эстетика өнер және өнердің салалары туралы. Өнердің ерекшелігі. Өнердің табиғаты және оның онтологиялық, гносеологиялық, аксиологиялық, генеологиялық, коммуникативты аспектілері. Өнердің жанрлары. Өнердің бейнелеу-ақпараттық, бағалау, шығармашылық, рәміздік, психологиялық, әлеуметтік, тәрбиелік, ойын-сауықтық аспектілері. Өнердің функционалды құрылымының заманауи концепциялары. Өнердің функциялары. Өнерлердің

дифференциациясы. Көркем туынды өнердің болмысының формасы ретінде. Өнердегі стиль ұғымы. Өнердің ағымдары мен көркемдік дәуірлері.

Өнердің интеграциясы, жасанды көркем құрылымдардың пайда болуы. Көркемдік гибридизацияның конгломеративты, ансамбльдік, органикалық тәсілдері. Өнердің техника әлеміне, спортқа, ақпаратқа, жарнамаға және т.б. енуі.

### **Қоғамның және тұлғаның эстетикалық мәдениеті**

Батыстың заманауи мәдениетіндегі эстетикалық идеалдары мен құндылықтары. Шығыстың эстетикалық принциптері. Адамның эстетикалық мәдениеті: эстетикалық талғам, сыпайлық, шеберлік. Эстетикалық және көркемдік тәрбие. Эстетикалық тәрбиені ұйымдастыру. Өнер арқылы тәрбиелеу. Мәдениетті дамытуға материалдық ресурстарды қалдық принципімен бөлудің әлеуметтік салдары. Тұлғаның мәдени-эстетикалық дамуын дұрыс бағаламауының әкеліп соқтыратын мәселелері: мейірімсіздік, мешандық, асоциалдық талпыныстар, тұтынушылық психология, мән-мағынасыз уақыт өткізу, алкоголизм, наркомания. Эстетикалық тәрбие және тұлғаның эвристикалық қабілетін дамыту.

Қоғамның мәдени-эстетикалық дамуын және адам өмірінің барлық саласындағы гуманистік бастауының рөлін ұлғайту.

Адамның заманауи психикалық өмірінің интенсифітігі және оның демалысқа, серуендеулікке, ойын-сауыққа өсіп кележатқан қажеттілігі. Адамдардың араласу және жүріс-тұрыс эстетикасы.

### **Көркем образының кеңістікпен уақыты**

Онтологиялық критерийлер бойынша өнерді жүйелеу. Көркем образдың кеңістік-уақыттық континуумының ерекшелігі. Кеңістік-уақыттық өнерлердегі көркем образының спецификасының ерекшелігі.

### **Постмодернизм эстетикасы**

Постмодернизм эстетикасының негізгі ерекшеліктері. Постмодернизм: эстетикада және философиядағы дискуссия. Постмодернизмнің сипаттамасы. Постмодерннің көркем практикасы. Технотрондық әлемдегі художниктің орны. Әлемнің интертекстуалды онтологиясы. Мәдени өндіріс.

## **СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ**

1. Эстетика функциясы және өнердің қоғамдағы ролі.
2. Эстетикалық категориялар.
3. Қазақ халқының эстетикасы. Дәстүрлік өнермен әлемді тану.
5. Антикалық эстетиканың ерекшелігі.
6. Батыс Еуропаның ортағасырлық эстетикасы.
7. Араб-мұсылмандық Шығыстың эстетикасы.
8. Қайта өрлеу дәуірінің эстетикалық теориясы мен тәжірибесі.



9. Барокко дәуіріндегі архитектура, көркем сурет.
10. Рококо көркемдік стилінің ерекшелігі.
11. Классицизм дәуіріндегі эстетика.
12. Ағартушылық дәуіріндегі эстетика.
13. И. Кант, Гегель, Фейербах эстетикасы.
14. Романтизм эстетикасы.
15. Импрессионизмнің эстетикалық әлем түсінігі.

### **СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ**

1. Ежелгі Шығыс және антиканың эстетикалық ойларына саластырмалы талдау жасау.
2. Көркем образ өнердің интегралды негізі ретінде.
3. Көркем қабылдау мәселесі.
4. Постмодернизм эстетикасының негізгі ерекшеліктері.
5. Нақты ғылымдардың эстетикаға беретін әсері.
6. Реализм эстетикасы.
7. Романтизмның негізгі идеялары.
8. Абай Құнанбаевтың эстетикалық көзқарасы.
9. Қазақ елінің эстетикалық ойының дамуы.
10. Эстетикалық талғамның қалыптасуындағы заманауи тенденциялары.
11. Кітап және компьютер, сурет және көркемклип.
12. Романтизм эстетикасы.
13. Импрессионизмды эстетикалық жағынан дүниетүсіндіруі.
14. Модернизм және постмодернизм XX ғасырдың көркем-эстетикалық жүйесі ретінде.
15. Өнердің түрлері, жанрлары.

### **СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ**

1. Әл-Фарабидің «Музыка туралы трактаты» еңбегіне талдау жасау.
2. Омар Хайямның эстетикасы.
3. М. Бахтинның «Эстетика словесного творчества» еңбегіне талдау жасау.
4. Киноөнеріндегі көркем образының кеңістік-уақыттық континуумының ерекшелігі кеңістік-уақыттық өнер түрі ретінде.
5. Көркем образының кеңістігі және уақыты.
6. Батыс эстетикалық талғамының қазақ елінің эстетикалық талғамына қалыптасуына беретін әсері.
7. Аристотельдің трагедия туралы ілімі және катарсисты заманауи түсінігі.

8. Әртүрлі тарихы кезкңдеріндегі көркем туралы түсініктер.
9. Гегельдің өнер философиясы.
10. Танымалы қазақ суретшілерінің еңбектерін сараптау.
11. Қазақстандағы театр өнерінің дамуы.
12. Эстетикалық талғам және китч.
13. Картина және бейнеклип. Кітәп және компьютер.
14. Нақты ғылымдардың эстетикаға беретін әсері.
15. Эстетикаға әлеуметтік-саяси фактрларының беретін әсері.

## **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ**

### **Негізгі:**

1. Қасқабасов С.А. Қазақ өнерінің тарихы. 3т. Алматы, 2008.
2. Салеев В.А. Эстетика. М., 2012.
3. Мещерина Е.Г. Эстетические категории: традиции и время. М., 2009
4. Мещерина Е.Г. Эстетические учения Древнего Востока. М., 2004
5. Эстетика: Словарь / Под общ.ред. А.А. Беляева, Л.И. Новиковой и В.И. Толстых. – М., 2006

### **Қосымша:**

1. Молдабеков Ж. Қазақтану және жаңару философиясы. Алматы, 2009.
2. Фишер Р. Искусство буддизма. М., 2001
3. Герман А.Л. Модернизм СПб., 2003
4. Ницше Ф. Рождение трагедии их духа музыки. СПб., 2000
5. Башляр Г. Избранное: Поэтика пространства. М., 2004
6. А. Құнанбаев. Қара сөздер. Алматы, 2012.
7. Гринуэй П. Главный итог развития кино. Искусство кино. М., 2003
8. Галимжанова А.С. Свобода художественного творчества как феномен культуры. Бишкек, 2006.
9. Нысанбаев А.Н. Глобализация и проблемы межкультурного диалога. В 2-х т. А., 2004.
10. Руднев. В.Н. Эстетика. История мировой литературы и искусства. М., 2015.
11. Неклассическая эстетика в культуре XX в. Кемерово, 2015.
12. Мохонько А.П. Самовоспитание вкуса. М., 2014.
13. Маньковская Н.Б., Бычков В.В. Современное искусство как феномен техногенной цивилизации. М., 2011.

## АМТ 2205 – ӘЛЕМДІК МӘДЕНИЕТ ТАРИХЫ

Көлемі 4 кредит

### Авторлар:

**Исмағамбетова З.Н.** – философия ғылымдарының докторы, профессор  
**Аликбаева М.Б.** – философия ғылымдарының кандидаты, доцент

### Пікір жазғандар:

**Раев Д.С.** – философия ғылымдарының докторы, профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ-дің халықаралық қатынастар факультетінің деканы

**Қарабаева А.Г.** – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық философия кафедрасының профессоры

## ТҮСІНДІРМЕ ХАТ

«Әлемдік мәдениет тарихы» пәні «5B020400-Мәдениеттану» мамандығының оқу типтік жоспарына сәйкес құрастырылды. Әлемдік мәдениет тарихы дүниежүзілік мәдениеттің даму тарихы бойынша білімдер жүйесін қамтамасыз ету негізінде мәдениеттанулық білім берудің маңызды компоненттерінен тұрады, осы тұрғыдан алсақ, студент қазіргі заманғы әлемдік әлеуметтік кеңістікте еркін бағдар ала алады және әлемдегі мәдениеттердің дамуының заманауи тенденциялары мен өткен ұрпақтың рухани дәстүрін өз тәжірибесінде салыстыра алады.

Пәнді оқу барысында **бакалавр төменгі құзыреттерге ие болады:**

#### **Бакалавр білуі тиіс:**

- мәдениет мәні және оның әлеуметтік рөлі;
- әлемдік мәдениет пен өркениеттің қалыптасу тарихы;
- түрлі мәдениеттердің ерекшеліктері, олардың айырмашылықтары, ұқсастықтары мен өзара әрекеті;
- әлемдік көркем мәдениетінің жетістіктері мен негізгі бағыттары.

#### **Бакалавр істей алуы керек:**

- әртүрлі мәдени феномендерді талдай алу мен бағалау;
- мәдени құбылыстарды жіктеу мен түрлі өркениеттердің ерекшеліктері мен логикалық байланысына жақындығын анықтай алу.

#### **Бакалавр төменгі дағдыларға ие болуға тиіс:**

- бастапқы түпнұсқа мәтіндерімен жұмыс істеуге және әлемдік және отандық мәдениеттің негізгі ірі жетістіктерін сыни және ұтымды тұрғысынан бағалау;
- жастар мен ғылыми ортада мәдениетаралық қарым-қатынасты орнату.

**Оқу пәнінің пререквизиті:** «Архаика мәдениеті», «Этика», «Эстетика», «Антика мәдениеті», «Өнер тарихы», «Орта ғасыр мәдениеті», «Қайта Өрлеу Шығыс және Батыс мәдениеті».

**Постреквизит:** «Жаңа заман мәдениеті», «Қазіргі заман мәдениеті», «Бұқаралық мәдениет теориясы», «Мәдени антропология».

## ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

| №  | Тақырыптар атауы                        |
|----|-----------------------------------------|
|    | Кіріспе                                 |
| 1  | Алғашқы қауымдық мәдениет               |
| 2  | Ежелгі Мысыр мәдениеті                  |
| 3  | Ежелгі Месопотамия және Шумер мәдениеті |
| 4  | Ежелгі Иран мәдениеті                   |
| 5  | Ежелгі Үнді мәдениеті                   |
| 6  | Ежелгі Қытай мәдениеті                  |
| 7  | Антика мәдениеті                        |
| 8  | Византия мәдениеті                      |
|    | <b>Орта ғасыр мәдениеті</b>             |
| 9  | Қайта өрлеу мәдениеті                   |
| 10 | Жаңа заман Еуропа мәдениеті             |
| 11 | XX ғасыр мәдениеті мен оның дамуы       |
| 12 | Ресей мәдениеті                         |
|    | <b>Постмодерн мәдениеті</b>             |

## ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

### Кіріспе

«Әлемдік мәдениет тарихы» пәні 5B020400 – Мәдениеттану мамандығында оқитын студенттердің мәдениеттің даму заңдылығы, оның негізгі идеялары, миф, дін, өнер секілді феномендері, әрбір мәдениетке тән мәдениет құндылықтарының жүйесі, әртүрлі кезеңдер мен халықтардың мәдениеттерінің өзара байланыстары мен өзара ықпалдастықтары туралы ой қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Курстың объектісі әлемдік мәдениеттің барлық ерекшеліктері.

«Әлемдік мәдениет тарихы» пәнінің мақсаты көне заманнан қазіргі уақытқа дейінгі адамзат мәдениетінің дамуының негізгі кезеңдері мен шығу тарихын студенттерге таныстыру болып табылады.

**Курстың міндеттері:**

- әлемдік мәдениет пен өркениеттің қалыптасу тарихын түсіну;

- мәдениет дамуының жалпы заңдылықтарын түсіндіру мен оның біздің планетамыздың әр түрлі өңірлерінде және әр түрлі тарихи кезеңдердегі нақты көріністерін анықтау;

- тарихи- мәдени даму ерекшелігі мен әртүрлілігін анықтау.

Пәннің рөлі мен маңыздылығы адамзат дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі мәдениеттің даму заңдылығы туралы студенттің қалыптасқан жүйелік және толыққанды ойларының негізінде мәдениеттанушы мамандарды дайындаудың сапасын жақсарту арта түседі. Әлемдік мәдениет тарихы бойынша жасалынған типтік бағдарлама болашақ мәдениеттанушылардың теориялық, әдістемелік, әдіснамалық тұрғысынан дайындаумен де байланысты. «Әлемдік мәдениет тарихы» атты типтік бағдарламаның мазмұны әлемдік көркем үрдістің даму заңдылығын ашады. Әрбір тарихи даму кезең өзіндік құндылыққа ие, соған сай өнер мен мәдениет дамып отырады. Курстың басты тақырыбы нақты тарихи кезеңнің кең мәтінінде әртүрлі мәдениеттерді зерттеу мәселесі болып табылады. Аталған ұстаным арқылы барлық адамзат үшін маңызға ие болған өнер пәнінде көрініс тапқан бүкіл әлемдік рухани және өнегелік құндылықтарды ашуға болады. Пән оқу арқылы студент өзіндік ойы қалыптасқан және шығармашылық бағытты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, мәдениеттанулық дайындық бойынша міндеттерді дамыту үшін кәсіби бағдарлық білімді игереді.

Пән мәдениеттану мамандығы бойынша студенттерді кәсіби білім беру үшін пәнаралық байланыстарды жүйелейді және әлемдік мәдениет, әлемдік философия, мәдениет философиясы, этика, эстетика, өнер тарихы, әлем халықтарының этникалық мәдениеті, қазіргі заман мәдениеті салаларында кешенді ортақ білімді қамтамасыз етеді.

## **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

### **Алғашқы қауымдық мәдениет**

Алғашқы қауымдық мәдениет – әлемдік мәдениет тарихының бастауы ретінде. Алғашқы қауымдық қоғамның материалдық мәдениетінің ерекшеліктері. Ежелгі адамдардың синкреттік рухани мәдениеті. Миф - әлемдегі алғашқы қауымдық адамның бағдары ретінде. Миф – мәдени құбылыс ретінде. Мифтер типологиясы. Алғашқы қауымдық мәдениеттегі тотем, табу мен талион. Алғашқы қауымдық мәдениеттегі дәстүр, салт, инициациялар. Алғашқы ойлаудың ерекшеліктері. Ежелгі діни нанымдар (анимизм, тотемизм, фетишизм, сиқыр). Алғашқы қауымдық өнер.

## **ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

| № | Тақырыптар атауы                                            |
|---|-------------------------------------------------------------|
| 1 | Қазақ мәдениетінің тарихын зерттеудің әдіснамалық мәселелер |
| 2 | Қазақ мәдениетінің әлемдік өркениетте алатын орны           |
| 3 | Салт-дәстүрлер тәжірибеалмасуәдісіретінде                   |
| 4 | Мерекелер мен спорт, олардыңқоғамдықфункциялары             |
| 5 | Халық әндері, күйлері                                       |
| 6 | Мәдени ескерткіштер                                         |
| 7 | Халықтық қолданбалы өнер, қолөнер                           |
| 8 | Тарихжәнемәдениеттенденцияларының дамуы                     |

|    |                                                       |
|----|-------------------------------------------------------|
| 9  | Көшпенділер айналасындағы әлемнің мәдени түсінігі     |
| 10 | Қазақ этносының рухани мұрасы                         |
| 11 | Мұсылман Ренессансы және түркі халықтарының мәдениеті |
| 12 | Ақындар мен жыраулардың мәдени мұралары               |
| 13 | XIX ғасырдағы Қазақстанның ұлттық мәдениеті           |
| 14 | XX ғасырдағы Қазақ мәдениеті                          |
| 15 | Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениетінің дамуы          |

## ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

### Кіріспе

Қазақ мәдениетінің әлемдік өркениеттегі орны. Қазақстан мәдениетінің тарихи негізгі кезеңдері. Қазақстанның мәдени тарихының негізгі кезеңдері. Қазақстан мәдениетінің тарихи тұжырымдамасы және еуропоцентризм сыны. Қазақ мәдениетінің үлгісі ретіндегі номадизм. Қазақ мәдениетінің әлемі және отандық мәдениет, оның мәні, жұмыс істеу бағыты және дамуы.

*Қазақ мәдениеті тарихының объектісі* болып мәдени-теоретикалық мәнінің қалыптасуы мен қазақ мәдениетінің дамуы саналады.

*Қазақ мәдениеті тарихының пәні* болып қазақ мәдениетінің тарихи типтерінің мәдени-теоретикалық зерттеулері мен өркениеті саналады.

*Курстың өтілу мақсаты:* қазақ этникалық мәдениетінің қалыптасу және даму заңдылықтарын талдау, қазақ мәдениетінің ерекшеліктерімен студенттерді таныстыру, мәдениет философиялық ұғымдарды зерттеу негізінде қазақ рухани мәдениетінің құрылымының, философиясының орнын анықтау, тарихи даму процесінде қазақ мәдениетін зерттеу барысындағы қазақ мәдениетінің тарихындағы өзгешеліктері мен ерекшеліктерін студенттерге игерту.

*Курстың тапсырмалары:* Студент Қазақстандағы азаматтық қоғамның қазіргі жағдайындағы жеке тұлғалар мен топтардың мәдени мінез-құлық мәселелерін білімі мен дағдыларының тәжірибелігімен пайдаланып иеленуі тиіс;

Қазақ мәдениетіндегі мәдени-философиялық ойлардың отандық тарихын құрастыру;

Қазақ мәдениетінің ғылым жүйесіндегі орнын және оның методологиялық маңыздылығын мәдениет феноменінде зерттеу.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### Қазақ мәдениетінің тарихын зерттеудегі әдіснамалық мәселелер

Жүйе ретіндегі мәдениет тұжырымдамасы, мәдениетті философиялық талдау. Қазақ мәдениетінің шығу тегі. Шетелдік және отандық ғалымдардың пікірі бойынша этномәдениеттің түсінігі. Мифтер, аңыздар, мазарлар, елтаңбалар сияқты ежелгі символдарды «тамыр» идеясы ретінде арқау етіп,

индивидуалды тарихи өткенімен байланыстыратын этникалық сананың рөлі.Сыни этникалық мәдениеті (преломленная этнокультура) мен этникалық қоғамдастықтың айтарлықтай әлеуметтік-тарихи бірегейлігі ретіндегі ұлттық мәдениет ұғымы, басқа этникалық қауымдастықтарға қатысты интегративті функцияларды орындау.

### **Қазақ мәдениетінің әлемдік өркениеттегі алатын орны**

Қазақстан мәдениет тарихының негізгі кезеңдері. Қазақстанның мәдени тарихы мен европоцентризмнің сыни түсінігі. Қазақ мәдениетінің үлгісі ретінде номадизм.Қазақтардың мәдени әлемі. Республикада тұратын өзге ұлт этностары мен қазақ этностарының мәдениетінің дамуының ерекшеліктеріне көңіл бөлу. Ұлттық бірлік мүдделеріндегі этникалық мәдениеттердің дамуы үшін тұжырымдаманың мақсаттары мен міндеттерін ашып көрсету. Тақырыптың мазмұны мен студенттердің көзқарасының әсері, қоршаған әлемнің дұрыс қабылдау сезімі; оларды игілікті мақсаттарды орындауға жігерлендіру, басқа этностық топтардың мәдениетіне қызықты және қолайлы көзқарас қалыптастыру.

### **Салт-дәстүр, әдет-ғұрып тәжірибе беру тәсілі ретінде**

Жинақталған тәжірибені сақтау мен оны беру мәселесіндегі этномәдениеттің рөлі. Мәдениет- уақыт пен этностың жадын сақтаушысы ретінде. Жадты қамтамасыз ететін құралдар. Дәстүрдің шектері мен мүмкіндіктері сабақтастықтың механизмі ретінде. Салт-дәстүрлер этномәдениеттің құраушысы.Мәдениет функциясындағы дәстүрдің әлеуметтік орны. Әдет-ғұрыптар - үйреншікті емес болатын рефлексия үлгілері мен мінез-құлықтар ретінде. Мінез-құлықтың ең қарапайым тұтас, үйреншікті түрлері белгілі бір уақытта және белгілі бір орында және белгіленген жерге сәйкес қалыптасады. Салт-дәстүрлер жаңаның ескімен сабақтастығының нәтижесі және де ол қоғамның жағдайына сіңісіп кеткен фактор болып табылады. Салт-дәстүрлерге қоғамның рухани өмірінің негізгі құраушысы ретінде анықтама беру қажет. Әдет-ғұрыптар–қоғамның үйреншікті және үйреншікті емес рефлексиясы ретінде. Салт-дәстүрлердің адам қызметінің еңбектік және әлеуметтік ортасындағы мағынасын анықтау. Негізгі компоненттердің жүйесіне кіретін дәстүрлерді (мерекелер, салт-жоралар, рәсімдер) атау. Қазақ халқының дүниетанымдарының қалыптасуы негіздерінің ерекшеліктері. Қазақ мәдениетінің ішінде әлемді көркемдік тұрғыдан зерттеу. Алғашқы қауымдағы адамның жай-күйі мен Қазақстан территориясындағы материалдық мәдениет ескерткіштерінің жағдайы. Ежелгі асыл тұқымды құрылымдардың әдет-ғұрыптары, тағзым, наным-сенімдері (үйсіндер, қаңлылар, қимақтар, қыпшақтар). Сақ мәдениеті.

### **Мерекелер және спорт, олардың қоғамдық функциялары**

Мерекелер- мәдениет институты ретінде. Мерекелерді күнделікті өмірден тыс әлеуметтік іс-шара ретінде көру. Мереке-қызметті реттеу

нысаны ретінде. Діни мерекелер-аңыз-идеологиясымен байланысы бар мерекелер. Ұлттық мерекелер ежелгі және қазіргі заманғы наным көрінісі мен мәдениеттің тіршілік функциясын көрсететін мерекелер.

Мерекелер – салтанатты тұрғыдағы бұқаралық құбылыс. Ойын – мәдениет феномені; мәдени қызметтің арнайы және елеулі түрі. Қазақ этносының әлеуметтік өміріндегі ойындардың мәні. Ойындардың функциялары. Мәдениеттің белгілі бір функцияларын орындаған ұлттық ойындардың этностың қоғамдық өміріндегі рөлі. Мереке, ойындар мен сауықтарда этномәдени құндылықтардың тарихи негізі бар екенін түсіну. Сыртқы әлемді танудағы рухани байлықтың эстетикалық функцияларын анықтау. Әр мерекенің арғы тарихы болғанын түсіну және де оған дәлелдер келтіру. Студенттермен дискуссия мен диалогты ұйымдастыру үшін алдын ала сұрақтар дайындауға болады.

### **Халық әндері, күйлері**

Дәстүрлі музыкалық мәдениет және оны тасымалдаушылары. Отандық музыка формалары. Қазақ халық аспаптарының жіктелуі. Ән жазу – қазақ халық музыка мәдениетіндегі орасан зор және үлкен облысы: салттық, әлеуметтік наразылық әндер отандық, лирикалық, тарихи әндер. Күй – аспаптық музыка. Ежелгі күйлер - аңыздар. Тарихи күйлер. Тартыс – күйшілердің аспаптық байқауы. Домбырашылар – қазақ халқының көрнекті композиторлары. Кіріспеде Қазақстан аумағында палеолит кезінде болған жоғары дамыған мәдениетінің орталықтары туралы айту, оған үңгірде табылған суреттер, жануарлардың суреттері, аңшылық сахна мен Күн құдайлардың жоралары, ғарыш таңбалары, сондай-ақ музыкалық аспаптары бар адамдар дәлел болады. Халықта музыка мен поэзияның пайда болуы туралы аңыздар сақталды. Қазақ музыкасы поэзиямен, сөзбен тығыз байланысты екенін түсіндіру.

### **Мәдени ескерткіштер**

Қазақстанның ортағасырлық мәдениеті: көшпенділердің мәдениеті, араб мәдениетінің ықпалы, қалыптасуы және ортағасырлық қалалардың дамуы. Қазақ этникалық тобының материалдық мәдениеті - материалдық өсу мен мәдени қажеттіліктер деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Көшпенділердің идеологиясын білдіру үшін арнайы «Аңдық стиль» қолданылады, онда материалдық этникалық мәдениет ескерткіштері көрініс табады. «Аңдық стильдің» полихромдық стильге өзгеруі қазақ шебер-зергерлердің тамаша еңбектерінде көрініс тапты. Қазақ киім ерекшеліктері. Ат-аңшылық жабдықтар. Зираттар, қорғандар. Қоғамның біртұтас экономикалық негізін құраған материалдық мәдениеттің дамуын, кент және номадизм қарым-қатынасын сипаттау. Оларды тарихи фактілермен толықтыру. Жібек жолы бойындағы археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған ескерткіштерді ескеру. «Аң стилі», «полихромдық стильде» жасалған элементтердің түрлерін көрсету.

### **Халықтық қолданбалы өнер, қолөнер**

Өнер ерекшеліктері. Халық өнері - бұл халық суретшілер мен қолөнершілердің шығармашылығы, геометриялық, өсімдік шикізаты, зооморф және космогониялық ою арқылы көрсетілінген көркем және нәзік қабылдау бейнесі. Дәстүрлі қолөнер: тоқыма, ағаш ою, былғарыдан өрнек салу. Зергерлер, шеберлер қазақ халқының бірегей бастапқы мәдениетін қалыптастырады. Қазақ ұлттық әшекейлерінің семантикасы. Киіз үй - рәміз ретінде. Ол Әлемнің үш бірлігі, кеңістікті меңгерген символ, ғарыш символы болып табылады. Киіз үй - портативті тұрғын үйдің үздігінің бірі. «Киіз үйдің» құрылымы мен компоненттері. Қазақ тұрмысының эстетикасы. Киіз үй және декорация мен интерьер. Бірыңғай ұлттық, көркем стилі сәндік тұрмыстық заттарды түрлендіруге көмектеседі. Өнер ерекшеліктері. Феодализм және жаңа мәдени құндылықтардың қалыптасуы. Тіл, жазу, әдебиет тарихы. Эпос. XIV-XVII ғғ. өнері. Халық ауыз әдебиеті. Жыраулар шығармашылығы.

### **Тарих және мәдениет тенденцияларының дамуы**

Әр халықтың терең тарихы бар. Түрік мәдениетінің қалыптасуы мәдени-тарихи кезеңнің бірегей процесі. Қазақ халқының ұзақ уақыттағы қалыптасуы бірегей этникалық белгілер мен шаруалық жағдайдың жиналуына байланысты. Номадизм – шаруалық формасының белгісі. Этникалық мінездерінің белгілері. Қазақ қоғамының этникалық құрылымы. Мәдени тарихи мұраның тарихи белгісі. Ол адамның рухани дүниесін қалыптастырады. Қазақ халқының этномәдениет жайлы қосымша материалдарын, Қазақстан тарихын белгілі деңгеймен білетін студенттерден сұралады, оның қалыптасу деңгейі, түркі тіліндегі тайпалардың одағы, этникалық процеске қызығушылық тудыруы және көшпелілердің өркениетін дамытуы қажет. Ұлы Жібек жолының рөлі туралы айту. Шығыс пен Батыстың мәдени диалогы. Қазақстанның мәдени феноменіне басқа мәдениеттердің әсер етуі.

### **Көшпенділер түсінігіндегі әлемнің мәдени түсінігі.**

Көшпелілік, номадизм – шаруалық қоғамның ерекше формасы және оның өмірлік образы. Көшпелі өмір салты, саяси бірлігі, аумақтық бірлігі, Басқа халықтармен кең сауда байланыстарының болмауы, әлеуметтік-экономикалық ерекшелік, тарихи-географиялық тұрмыс жағдайлар мен адамдардың өмір сүру тәсілі - бұл барлық материалды дамытуы бойынша өзінің ізін қалдырып, рухани мәдениетті дамытқан. Қазақ этносының мәдениеті көшпелі мәдениет нысаны ретінде қазақ мәдениетінің әлемінің өзіндік философиялық түсінігін және оның тереңдігін басқа мәдениеттерден кем болмады.

### **Қазақ халқының рухани мұрасы**

Қазақтар үшін әлемге деген философиялық қатынас қалыпты өмір салты болды. Қазақ мәдени мұрасындағы этностардың рухани суретін халықтар шығармашылығындағы рухани суретін үйрену, адам мен космостағы синкреттік ойлаудың пайда болуы. Қазақтардың өмірдің алғашқы пайда болуы туралы ерекше түсініктері. Отбасындағы мәдениетке тән төрттік жүйе. Әлемнің көркем дамуында төрт жүйе; ай, әлемнің төрт бөлігі, төрт стихия бар.

### **Мұсылман Ренессансы және түркі халықтардың мәдениеті**

Евразия аумағындағы этникалық өзгерістер. Ертедегі түркі мемлекеті-Түркі қағанаты. Түркі қағанатының саяси жағдайы. Түрік қағанатының әлеуметтік өмірі. Батыс және Шығыс қағанатының пайда болуы. Дала жолдарының пайда болуы мен орнығуы. Ислам әлеміндегі Сопылық бағыт. Қазақ мәдениетінің ортағасыр архитектурасындағы ескерткіштері. X-XII ғасыр түркі мәдениетін дамытушы ғалымдардың өмірі мен шығармашылығы. (әл-Кинди, әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари т.б).

### **Ақындар мен жыраулардың мәдени мұралары.**

Әлемдік ойлаудағы дәстүрлі дағдарыстар және XIV-XVI ғасыр ақындарының шығармашылықтарының негізгі келбеті. Исламның өркендеуі. Қазақ мәдениетіндегі «Зарзаман» келбеті. Кітап ақындары. XVII ғасырдағы әдебиет пен музыка. Ән жанырындағы сөз бен музыка, ақын-жыраулардағы шешендік өнері, ұлттық аспаптағы музыка өнері – күй өнерінің пайда болуымен оны таратушы өнер иелері. Өлең немесе музыкадағы ерекше бірегейліктің жаңа қырлары. Музыка өнерін дәріптеушілердің шығармашылық өмірі.

### **XIX ғасырдағы Қазақстанның ұлттық мәдениеті**

Қазақтардың Ресейге қосылуы. Ресейдің орталықтандыру ерекшелігі мен оның қазақ мәдениетіне ықпалы. Бірігудің адамдардың саяси және әлеуметтік өміріне тигізген әсері. Білім жүйесінің өзгеруі. Қазақ білімінің ерекшеліктері. Қазақ ғалымдарының мәдениеттанулық көзқарастары. XIX ғасыр Қазақ мәдениетінің көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармашылығы. (Мысалы: Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин). Қазақ жазба мәдениетінің дамуы. Абай Құнанбаевтің өмірі мен шығармашылығы. Қазақ мәдениетіндегі қазақ кескіндеме өнерінің, Қазақстанның мәдени өмірдегі жазба әдебиеттің кең ауқым алуы, ұлттық опера, балет, драма, симфоникалық оркестр т.б пайда болуы. Қазақ ағартушылығының ерекшеліктері. Қазақ ағартушыларының мәдени көзқарасы.

## **XX ғасырдағы Қазақстан мәдениеті**

Қазақстанның мәдени өмірдегі жазба әдебиеттің кең ауқым алуы, ұлттық опера, балет, драма, симфоникалық оркестр т.б пайда болуы. Ауыспалы кезеңдегі білім беру жүйесінің дағдарыстан шығуы этномәдени білімнің концепцияларының тұрмыстық қажеттіліктерін тудыруы. Дағдарыстан шығудың жолдары: технология жаңа техника мен ғылыми жетістіктерді, квалификацияланған мамандардың қамтамасыздандыру, сонымен қатар, ұлттық рухани жаңаруды, мәдени және адамгершіліктік құндылықтарды, салт дәстүрлер, ойлау мен тілдік қатынастарды қамтамасыз ету.

## **Қазіргі заманғы Қазақстан мәдениетінің дамуы**

Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдай. Қазақстан мәдениетінің дамуы. Қазақстан Республикасының қазіргі заманғы дамуында этникалық және нәсілдік белгілердің дискриминациясына жол бермеушілік, ұлттық қатынасқа қарамай адам өмірінің бостандығы мен құқықтарын мойындау секілді демократиялық реформалар алынған. Тәуелсіздік жолында ұлттық мәдениет пен этникааралық интеграция және мәдениеттің құндылық ізденістері қолданылады. Этномәдени білім беру концепциясы ауыспалы кезеңде пайда болатын білім берудің дағдарысында байқалады. ҚР-ның этномәдени концепцияларының басты бағыттары мен ережелерімен танысу.

## **СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ**

1. Ежелгі түркілер мен қазіргі түркілер мәдениеті.
2. Тәңіршілдік және шаманизм.
3. Ислам мәдениеті және оның түркі халықтары өміріндегі алатын орны.
4. Әл-Фарабидің мәдениеттанулық көзқарасы.
5. Ж.Баласағұнның мәдениеттанулық көзқарасы.
6. Ахмет Иассаuidің мәдениеттанулық көзқарасы.
7. Ақындар мен жыраулардың қазақ рухани мәдениетіндегі алатын орны.
8. Шоқан Уәлихановтың мәдениеттанулық көзқарасы.
9. Ыбырай Алтынсариннің мәдениеттанулық көзқарасы.
10. Абай Құнанбайұлы және оның қазіргі қазақ мәдениетінің орнығуына қосқан үлесі.
11. Шәкәрім Құдайберді. Үш анық.
12. XX ғасыр қазақ ойшылдарының мәдениеттанулық көзқарасы.
13. Қазақ советтік мәдениеті.
14. Қазіргі Қазақстан мәдениеті.
15. ҚР инновациялық мәдениеттегі актуалды мәселелері.



## **СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ**

1. Олжас Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабына мәдени талдау. («Шумер-наме»)
2. Қазақ мәдениетінің типологиясы
3. Қазақ мәдениетінің архетиптері
4. Қазақстан мәдениетінің хронотоптары
5. Мәдениет диалогі: Батыс-Шығыс
6. Этномәдениеттегі инновация мен дәстүр
7. Қазақстандағы мәдени мұра мәселесі
8. Қазақ хандарының мәдениеті
9. Қазақ халқының ақындық мәдениеті
10. Қазақ эпосы мәдени мұра ретінде
11. Этномәдениеттегі инновация мен дәстүр
12. Қазақстандағы мәдени мұра мәселесі
13. ҚР мәдени саясаты
14. Мәдениет және нарық
15. Қазақстанның ұлттық идеясы «Мәңгілік ел» және мәдениет

## **СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ**

1. XIV-XVIII ғасыр ақын, жырауларының мәдени-философиялық ойлары.
2. Қазақтардың тұрмыстық- мәдени түрлер.
3. Қазақ мәдениетінің заңдық типологиясы.
4. Қазақ мәдениетінің діни типологиясы.
5. Этномәдениет және маргиналдылық.
6. Қазіргі қазақ халқындағы менталитет түрлері.
7. Мәдени-философиялық идеялар және ақын, жыраулар
8. Ресей мен Қытай түркі халықтарының колониалдық мәдениеті
9. Қазақ халқының мәдени-шаруашылық типтері
10. Қазақ халқы мәдениетінің құқықтық типологиясы
11. Қазақ халқы мәдениетінің діни типологиясы
12. Этномәдениет және маргиналдылық
13. Исламға дейінгі түркілердің мәдениеті
14. Шамандық- мәдениет феномені ретінде
15. Тәңірлік -мәдениет феномені ретінде
16. Қазіргі қазақ халқының менталдық типтері
17. Қазақ халқының саяси мәдениеті
18. Қазақстанның ұлттық идеясы «Мәңгілік ел» және мәдениет
19. Қазақ халқының көркем мәдениеті
20. Қазақстанның заманауи мәдениеті және оның перспективасы

## ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Негізгі:

1. Габитов Т.Х. История казахской культуры. – Алматы:Қазақ университеті, 2016. – 343 с.
2. Культурное наследие Казахстана. – Алматы: КазНПУ, 2011 – 630 с.
3. Масалимова А.Р. Культурная антропология. - Алматы, 2006. – 354 с.
4. Нуржанов Б.Г., Ержанова А.М.. Культурология в новом ключе. - Алматы, 2011.– 386 с.
5. Gabitov Tursun. Cultural Studies. Manual. – Almaty: Qazaq university, 2015. – 234 p.

### Қосымша:

1. Человеческий капитал как основа формирования инновационной культуры Казахстана. – Алматы: ИФПР, 2014. – 279 с.
2. Мәдениеттанулық ой антологиясы. Т. 1-10. -Алматы, 2011.
3. Жолдубаева А.К. Культурология. –Алматы: Қазақ университеті, 2015. - 287 с.
4. Мировоззрение древних кочевников (на каз.яз.). – Астана: Аударма, 2005. – 496 с.
5. Стивен Р. Кови. 7 навыков высокоэффективных людей.- М., 2014. – 378 с.
6. Ғабитов Т.Х., Құлсариева А.Т. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. - Алматы, 2004.
7. Ғарифолла Есім. Қазақ ренессансы. -Алматы, 2006.
8. Иасауи К.А. Диуани-хикмет. - Алматы, 2000.

## **ВМТ 3301 – БҰҚАРАЛЫҚ МӘДЕНИЕТ ТЕОРИЯСЫ**

**Көлемі 2 кредит**

### **Авторлар:**

**Көбекова Б.К.** – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы

### **Пікір жазғандар:**

**Сағикызы А.** – философия ғылымдарының докторы, ҚР БжҒМ ҒК философия, саясаттану және дінтану институтының доценті

**Абдигалиева Г.К.** – философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің саясаттану және саяси технологиялар кафедрасының профессоры

## **ТҮСІНДІРМЕ ХАТ**

«Бұқаралық мәдениет теориясы» пәні бойынша Типтік оқу бағдарлама 5В020400- Мәдениеттану мамандығының Типтік оқу жоспарына сәйкес құрастырылған. «Бұқаралық мәдениет теориясы» пәні мәдени антропология, этнография және мәдениеттанудың отандық және шетелдік жетістіктері мен жағдайларына негізделеді. Осы курстың теоретикалық негіздері болып батыс және отандық ғалымдардың концепциялары мен теориялары жатады. Бұқаралық мәдениет теорияларын зерттеу көптеген заманауи мәдени мәселелерді шешуге көмектеседі. Бұқаралық мәдениет құбылыстарына қызығушылық өте зор, қазіргі таңда мәдениет зерттеу барысында «бұқаралық мәдениет» туралы өте көп теориялар, концепциялар, зерттеулер бар. Ол зерттеулердің авторларының басым көпшілігі оны өзіндік генезисі, ерекшелігі және өзінше үрдісі бар ерекше әлеуметтік феномен ретінде қарастырады. Бұл курс бұқаралық мәдениетті жалпы әлеуметтің, мәдени тәртіптің бөлімбес бір бөлігі ретінде қарастырады. Бұл курсты оқу барысында студенттерге бұқаралық мәдениеттің тарататын нормаларымен құндылықтарына аса назар аудартады, оның дидактика потенциалына. Бұл пәнді оқу, студенттерге интеллектуалды ізденістің ерекшелігін, оның тақырыптарын және мәселелердің шешу тәсілдерін түсінуге көмектеседі. Бұл пәнді оқудан бұрын студенттердің мәдениеттің тарихи қалыптасу кезеңдерін, жалпыәлемдік тарихын, Қазақстан тарихын білгендері жөн. Пәнді меңгергеннен кейін студенттерге мәдениет философиясын, постмодернизм философиясын, мәдениеттанудағы дала зерттеу әдістерін, жаһандану кезеңіндегі мәдениет мәселелерін оқыған жөн.

### **Компетенцияның негізгі формалары:**

Пәнді оқи процесінде:

**а) студент білу керек:**

- бұқаралық мәдениеттің феномені мен мәнін;
- бұқаралық мәдениеттің тенденцияларын;
- бұқаралық мәдениеттің теориялары мен бағыттарын;
- бұқаралық мәдениетке тән негізгі ерекшеліктерді;
- бұқаралық мәдениеттің әлеуметтік практикасын;
- бұқаралық мәдениеттің дамуындағы заманауи тенденцияларын;
- бұқаралық мәдениеттің құндылық негіздерін.

**в) студент істеу керек:**

- бұқаралық мәдениетті анықтау жолдарын талдау;
- бұқаралық мәдениеттің продуктылерін үйімдастыру және басқару;
- бұқаралық мәдениеттің құндылықтарында жөн табу;
- бұқаралық мәдениет териясын жүйелі талдап білім беру концепцияларын сараптау;
- бұқаралық мәдениеттегі әртүрлі контекстерді сараптау (әлеуметтік, мәдени, ұлттық және т.б.).

**с) студенттің алатын дағдылары:**

- бұқаралық мәдениеттің теориялары мен бағыттарын сараптай білу;
- теоретикалық білімдерін практикада қолдана білу;
- әлеуметтік ортаны сараптай білу және бұқаралық мәдениеттің ресурстарын анықтау;
- бұқаралық мәдениеттегі бағдарламаларды жобалау.

**Пререквизиттер:** Осы пәнді оқу алдында мына пәндерді білгендері керек: мәдениеттің тарихы мен теориясы, философия, мәдениеттану, дінтану, этика, эстетика.

**Постреквизиты:** Мәдениеттің структуралисттік концепциялары, Мәдениет және модерн, Мәдениеттің постструктуралисттік концепциялары, Заманауи мәдениет.

## ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

| № | Тақырыптың атауы                                              |
|---|---------------------------------------------------------------|
|   | Кіріспе                                                       |
| 1 | Бұқаралық мәдениетті оқыту жолдары.                           |
| 2 | Бұқаралық мәдениеттің сыни көзқарасы: 1950-60 жж. дәстүрлері. |
| 3 | Бұқаралық мәдениеттің рәсімдері мен тәжірибесін оқыту.        |
| 4 | Танымал адам бұқаралық мәдениет контексінде.                  |
| 5 | Теледидар – телеэкрандағы астарлы шындықтың құрылымы ретінде. |
| 6 | Бұқаралық мәдениет бизнес ретінде.                            |
| 7 | Бұқаралық әдебиет және сөздің мағыналық аспектісі.            |
| 8 | Бұқаралық мәдениет – тұтынушылық мәдениет ретінде.            |

|    |                                                                         |
|----|-------------------------------------------------------------------------|
| 9  | Жастар мәдениеті – бұқаралық қоғамның негізі ретінде.                   |
| 10 | Жарнама заманауи мәдениеттің феномені ретінде.                          |
| 11 | Ғаламтор: виртуалдық ортадағы жекелік.                                  |
| 12 | Кинематограф-бұқаралық мәдениеттегі стереотиптердің даму өнері ретінде. |
| 13 | Қоғамдық сананың мифологизациясы.                                       |
| 14 | Элитарлық мәдениет-бұқаралық мәдениеттің антиподы ретінде.              |
| 15 | Франкфурт мектебінің теориялары.                                        |

## ПӨННІҢ МАЗМҰНЫ

### Кіріспе

Ұсынылып отырған курс мәдени антропология, этнография және мәдениеттанудың отандық және шетелдік жетістіктері мен жағдайларына негізделеді.

#### Курстың мақсаты:

- бұқаралық мәдениет феноменінің спецификасын түсіндіру;
- бұқаралық мәдениеттің пайда болуына негіз болған XX-XXI ғғ. әлемдік мәдениет тенденцияларына анықтама беру;
- бұқаралық мәдениеттің басым бағыттары мен оның заманауи әлемдегі орнын анықтау;
- мәдени стереотиптердің қоғамның түрлі қабаттарына енуін көрсету;
- батыстық және қазақстандық бұқаралық мәдениетке тән негізгі сипаттарын анықтау.

#### Курстың міндеті:

- студенттерді бұқаралық мәдениеттің әртүрлі мәтіндерін – жарнама, теледидарлық сюжеттерге, әдебиеттегі блокбастерлерге және киноның пайда болуын, бұқаралық мәдени стереотиптерін үйрету;
- мәдени мифтердің пайда болуын жүйелі түрде түсіндіре білу;
- заманауи әлемдегі «бұқаралық» мәтіндердің қажеттілік феноменін түсіндіру.

**Курстің объектісі:** бұқаралық мәдениеттің теориясын шетелдік және отандық мәдениеттану білімінде зерттеу.

**Курстің пәні:** бұқаралық мәдениет теориясын әлемдік мәдениеттің даму жолындағы контекстінде қарастыру.

## НЕГІЗГІ БӨЛІМ

### Бұқаралық мәдениетті оқыту жолдары

Заманауи әлемдегі бұқаралық мәдениет. Бұқаралық мәдениет феномен спецификасының пайда болуы. Бұқара санасына әсер ететін брендтер мен стереотиптердің құрылуы. Сәнүлгі (мода) бұқараның бейнесі ретінде. Өнер саласындағы престиждік премиялар. Қоғамға талғам мен талапты ұсынатын, өнер саласындағы мәртебелі сыйлықтар.

«Франкфурттық мектеп» өкілдерінің жұмыстарындағы бұқаралық қоғам мен мәдениет. Ги Дебораның тұтыну және қоғамдық көрініс концепциясы. Р. Барттың жұмысындағы мәдениет феномендерін үйрету жолдары. Элеуметтік-мәдени антропология: заманауи мәдениет рәсімдерін зерттеу: У. Уорнер.

Бұқаралық мәдениеттегі «Формульдық жанрлар». Дж. Кавелтидің концепциясы. М. Маклюэннің бұқаралық коммуникация жұмысындағы концепция, Ж. Бодрийярдың заманауи мәдениет жұмыстары.

Бұқаралық мәдениеттің бастаулары (антикалық мистериялар, ортағасырдағы қасиетті кітаптардың жеңілдетілген нұсқалары, ортағасырдағы карнавалдық мәдениет, XVII-XVI ғғ. еуропалық әдебиет: қиял-ғажайып романы мен детективтің пайда болуы).

Бұқаралық мәдениеттің экономикалық анықтамалары. Әлем құрылымы – «қоғам тұтынатын» әмбебап.

Көркем мәдениеттің тағдыры қоғамдық тұтытуда.

Бұқаралық мәдениеттің құрылысы (компенсаторлық, психотерапиялық, гедонистік, ақпараттық).

Бұқаралық және элитарлық мәдениет, мәдениеті және оның принциптік айырмашылығы.

### **Бұқаралық мәдениеттің сыни көзқарасы: 1950-60жж. дәстүрлері**

Бұқаралық мәдениеттің типтік мәселелері. Бұқаралық мәдениеттің даму феноменінің шығу заңдылығы қоғамдық-қаржылық формацияның ауысу концепциясында. Мәдениеттің дамуына тұлғаның тікелей әсері. Позитивизм және прагматизм философиясы – заманауи бұқаралық мәдениеттің негізгі идеясы ретінде.

### **Бұқаралық мәдениеттің рәсімдері мен практикасын оқыту**

Бұқаралық мәдениеттің санасы жұлдыз жүйелерінің спецификалық бейнесі.

«Жұлдыз» арманның орындалу тірегі. Жұлдызды тұлғаның шынайылығы («бұндай өмірде жоқ» және «бұл, барлығы секілді»)

Идеалға ұмтылыс шынайы өмірден алшақтық.

Символ бұқаралық мәдениеттің тілдік принципі ретінде. Символдарды таңдау және оларды ұйымдастыру бұқаралық мәдениеттің негізі («есекті қыз» қазіргі заманғы «Сникерспен» тұрған бала немесе «Бобров» пивосымен тұрған жігіт символы ретінде). Бұқаралық мәдениеттің эксплуатациялық символы: шығуы, қайталануы.

Симулякр түсінігі (Ж. Бодрийяр). Массалық мәдениеттегі (означающее без означаемого) бос белгі. Символдың симулякрмен ауысуы.

Бұқаралық мәдениеттегі эстетиканың қалыптасуы (адамзат болмысы оның тұрмысының әлеміне сай, адам өзін қоршаған күнделікті күйбең тірлік аясында).

Адам бұқарасының сөйлеу мәдениеті: тілдің бірігуі, сленгтардың қолданылуы («қайғырма», «терлеме», «миыңды істет», «прикол» және т.б.).

Бұқаралық мәдениеттегі комикстар және олардың бұқаралық адамның ойлауына әсері. Бұқаралық мәдениеттегі «қылжак» («прикол») категориясы. «Прикол» сөйлеу және іс-қимылдың стилі ретінде.

### **Танымал адам бұқаралық мәдениет контексінде**

Танымал тұлға-жасанды құрылған стереотип ретінде. Танымал тұлға - «икона», яғни бұқаралық мәдениеттегі табынушылық тенденциясы. Қоғамнан тыс сана, табынушылар мен фанаттардың негізгі мәселесі.

### **Теледидар-телеэкрандағы астарлы шындықтың құрылымы ретінде**

Теледидар – бұқаралық мәдениеттің таралуы мен шығуының тиімді тәсілі. Телеақпарат – ортастатистикалық көрермендердің психологиялық үрейі. Телесериал – көрермендердің экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешеді.

Масс-медианың заманауи адамға және өмірдің әлемдік құрылымына әсері мәселесі (заманауи адамның мәдени кеңістігі әртүрлі БАҚ негізінді қалыптасады. Теледидар және Интернет адамның театр, библиотека, музей секілді мәдени орындарға баруын азайтатын фактор ретінде)

«Жаһандық ауыл» теориясы және М. Маклюэннің «Гуттенберг Галактикасы». Визуалды және аудиовизуалды мәдениет типтері.

Көркемдік бейне және теледидар. Телесериал феномені (бразилия, американдық, қазақстандық телесериалы бұқаралық мәдениет ретінде. Олардың жанрларының заңдылықтары).

Заманауи экрандық мәдениет мәселелері. (TV, компьютер мониторы).

Заманауи мәдениеттегі оқуға деген қызығушылықтың төмендеуі және әлемді визуалды қызығушылықтың жоғарылауы. Әдеби мәтіннің экранизациясы.

Теледидар және адамның ішкі әлемі. Жеке және көпшілік әлемдер арасындағы айырмашылықтың жойылуы (танымал адамдардың жеке өмірі туралы, мәселен, «Пусть говорят», «Без комплексов» және т.б. теледидарлық ток-шоулар арқылы халыққа тарату).

Бұқаралық мәдениеттегі видеобейне феномені. Видеобейне – өнердің жас жанры, телевизиондық көркем эстрадалық интерпретация, поп немесе рок әуендер, арнайы монтаждалған эффектілер. Бейнелік сана-заманауи адам санасының түрі, әлемді тез өзгертін сурет ретінде қабылдау. Заманауи мәдениет «Ұлы бейнелер мәдениеті» ретінде.

### **Бұқаралық мәдениет бизнес ретінде**

Бұқаралық мәдениеттің туындыларын даярлауда алдын-ала берілетін тапсырманың коммерциялық устанымы. Шығармашылықпен айналысатын ұйымдардың банк және өнеркәсіп капиталымен қатынасы. Бұқаралық

мәдениетке қаржы-индустриалдық ыңғайымен істеу.

### **Бұқаралық әдебиет және сөздің мағыналық аспектісі**

Бұқаралық әдебиеттің иллюзорлық-компенсаторлық құрылымы. Бұқаралық әдебиеттің негізі шындықтан алшақтау және конформизмнің даму алғышарты. Бұқаралық әдебиеттің жанрлары өмірдің жеңілдетілген түрі. Массалық әдебиетте манипуляция сөйлем және түсінік негізінде пайда болады.

Массалық әдебиет туралы дискуссия: бұл бұқара оқитын әдебиет пе, әлде бұқара қолданатын продукт па? Бұқаралық әдебиет – нарықтық термин. Бұқаралық оқырман және жазушы феномені.

Бұқаралық әдебиеттің бастауы – Жаңа замандағы Еуропалық әдебиет роман жанрының пайда болуы. Д. Дефо «Робинзон Крузо» – ең алғашқы бұқаралық жанрдың түрі. Қиял-ғажайып, авантюралық роман. XIX ғасырда романның дамуы. Жалпыға ортақ сауаттылық заңы (1870 жыл Ұлыбритания) бұқаралық оқырманның әлеуметтік құрылымы.

Детективтің пайда болуы. Эдгар По және Уилки Коллинз жанрдың негізін қалыптастырушылар.

Бұқаралық әдебиеттің әдебиеттен айырмашылығы, көркемдік ізденіске бағытталуында. Бұқаралық әдебиеттің нарықтық заңының бағытымен құрылуы. Жанрдың нақты құрылымы оқырманға мәтінді жеңіл түсінуіне көмектеседі.

Әдебиеттің заманауи жанрлары. Детектив, боевик, триллер, әйел романы.

Оқырман әйел қауымы – «бұқаралық әдебиеттің» негізгі тұтынушылары. Мәскеулік әйелдер детективінің серпілісі (А. Маринина, П. Дашкова, Т. Устинова). Әйелдер детективінің кеңестік дәуірдің үйреншікті детективінен айырмашылығы, қатаң ерлер мінез-құлығында. Б. Акунин және «бағалы бестселлер» проектісі.

Фэнтези заманауи әдебиет жанры. Дж. Роулинг Гарри Поттере жөнінде және В. Толкиеннің «Властелин колец» әйгілі кітаптар феномені.

Постмодернизм және бұқаралық әдебиет. Х. Мураками, В. Пелевин – «лакуна» нақты және бұқаралық әдебиет арасы.

Ғаламтор және әдебиет. Көркем сөзінің мағынасының құнсыздануы. Ғаламтордағы гипермәтіннің болуын, әр оқырман жалғастыра алатын сюжеттің әр түрлі нұсқалары.

### **Бұқаралық мәдениет – тұтынушылық мәдениет ретінде**

Бұқаралық мәдениет шығармалар арқылы саяси және коммерциялық мақсаттарға қол жеткізу: Бұқаралық мәдениет түсінігінің қолданыста болуы. Халық өнерінің «асказан өнеріне айналуы».

Х. Ортега-и-Гассеттің алғаш бұқаралық мәдениет теоретиктерінің бірі және оның еңбегі «Восстание масс». Бұқара түсінігі (бұқара – көпшілік синонимы, бұқара ешнәрсемен дарымаған адамдар көпшілігі). «Адам-бұқара»



мінездемесі: өзінің дұрыстығына сенімді бола тұрып, басқаны сендіру. Бұқаралық мәдениет «көпшілік тираниясы» ретінде.

Тұтыну идеологиясы және бұқаралық адам. Көркемдік құндылық шығармашылық өнерінің тұтынушылық құндылықпен ауысуы. Бұқараның адамының құндылықтары: меркантилизм, утилитаризм, прагматизм. Цинизм-заманауи дәуірдің этикалық ойлау принципі ретінде. Х. Ортега-и-Гассет бойынша элита адамы («қозғалыс адамы») және оның «бұқараның адамы» айырмашылығы. Элита – қоғамның эстетикалық және этикалық мәні. Бұқаралық қоғамда «қозғалыс адамының» тағдыры.

### **Жастар мәдениеті – бұқаралық қоғамның негізі ретінде**

Бұқаралық мәдениеттің контекстіндегі заманауи жастардың көркемдік және эстетикалық құндылықтары. Заманауи адам өміріндегі бұқаралық мәдениеттің стереотиптік рөлі. Элитарлы және бұқаралық мәдениет арасындағы қатынас мәселесі.

### **Жарнама заманауи мәдениеттің феномені ретінде**

Жарнама өмірлік үлгілерге белгілі ұстаным беретін ретінде. Жарнамалық ролик бұқаралық өнердің туындысы ретінде. Жарнаманың фестивальдері көпшілік тұтынушыларды тарту үшін істелетін әрекет ретінде. Сатып алу аспектісіне визуалдылықтың ықпалы. «Тұтынушылар қоғамындағы» жарнаманың рөлі. Ықылас жарнаманың негізгі объектісі ретінде. Ықыласты іске асыру және оның психологиялық орнын толтыру. Мәдениеттің архаикалық түпнегіздеріне жарнаманың беімделуі. Заттық әлемді жанды, өзіндік логикасы бар нәрсе ретінде архаикалық қабылдау. Жарнамада заттарға жан бітуі (сөйлейтін тіс тазалағыштары, жуынғышта және т.б.).

Жарнаманың мифологизмы: мәңгі жастық шақты сақтап қалу (мысалы косметика жарнамасында). Жарнамада жастардың өмір бейнесін және жас адамның бейнесін пайдалануы (косметика, дәрі-дәрмектер және т.б.). Әдемілік, интеллект, салауаттылық, жетістіктердің аллегориялық фигуралары. Жарнаманың гедонизымы: мәңгі ляззат алу бағы («Баунти» және т.б.). Жарнамадағы архетиптер (әйел және еркек және т.б.).

Жарнаманың адамның қажеттіліктерін эстеттендіру (йогурт, шоколад жеу, зат сатып алуы және олардың адамға ляззат әкелуіне және өмірде жетістіктерге жетуге апаратын жол ретінде).

Жарнама және мәдениеттегі стиль мәселесі. Жаңа «классика» туралы миф (кока-кола, көліктер, киімдер және т.б.). Тауар стиль ретінде.

### **Ғаламтор: виртуалдық ортадағы жекелік**

Ғаламтор – жаһандық ақпаратқа серпіліс. Ақпараттың көптігі, ойлау және нақтылықтың жоқтығы. Интернет форум – виртуалдық шындықтағы идентификацияланбаған тұлға. Қолданушының аты және ойдан табылған атының айналасындағы антураж өзінен -өзі қашу ретінде.

## **Кинематограф-бұқаралық мәдениеттегі стереотиптердің даму өнері ретінде**

Киноның пайда болуындағы әлеуметтік жоспарлама.«Біз үшін кино және цирк өнердің маңызды бөлшегі болып табылады» (идеология мен көңіл көтеру арқылы рахат алу концепциясы).

Голливуд – әлеуметтік институт және таза киноның формасы.

## **Қоғамдық сананың мифологизациясы**

Бұқаралық мәдениеттегі ақиқат философиясы пайда және сәттілік негізі ретінде. Конформизм – бұқаралық мәдениеттегі сана элементінің құрылымы ретінде.Бұқаралық мәдениеттің рәсімдік формуласы – «махаббат пен сенім барлығын жеңеді».

## **Элитарлық мәдениет-бұқаралық мәдениеттің антиподы ретінде**

Х. Ортега-и-Гассет концепциясындағы бұқара және тұлға. А. Шопенгауэрдің «Көсем адамдар» және «пайда әкелетін адам». Ницшеандық идеядағы жоғарғы адамның элитарлық концепцияда пайда болуы. «Өнер үшін өнер» теориясы.Мәдениеттің түрлері және іс-қимыл моделі (қатысу және әрекетсіздік).

## **Франкфурт мектебінің теориялары**

Мәдени индустрияның түсінігі. Мәдени индустрия ұғымы. Т. Адорно, М. Хоркхаймер, В. Беньямин и Г. Маркузенің теориялары. Франкфурт мектебінің зерттеулерінде бұқаралық мәдениет феноменіне беретін бағасы.

## **СЕМИНАР САБАҚТАРЫНА ҰСЫНЫЛАТЫН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ**

1. Заманауи мәдениетіндегі бұқаралық мәдениет.
2. 1990 жылдарында мәдениеттің өзін-өзі сезінуі.
3. Рәміз бұқаралық мәдениетінің тілінің жалпы принципі ретінде.
4. Бұқаралық мәдениетіндегі қаржылық-индустриалды шешімі.
5. «Тұтынушылық қоғамындағы» жарнаманың ролі.
6. Бұқаралық мәдениеттің мәні мен бағытталуы.
7. Заманауи жастардың көркемдік және эстетикалық құндылықтары.
- 8.Танымалы тұлға жасанды жасалған стереотип ретінде.
9. Спорт шоудағы жеңімпаз культы.
10. Ғаламтор глобалды ақпаратқа қол жеткізу мүмкіншілік ретінде.
11. Мәдениет типтері және жүріс-тұрыс модельдері.
12. Голливуд әлеуметтік институт ретінде және киноның таза формасы ретінде.
13. Франкфурт мектебінің зерттеулері.

## **СТУДЕНТТІҢ ОҚЫТУШЫМЕН ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ**

1. Бұқаралық мәдениеттегі зерттеудегі жүйелі әдістер.
2. Бұқаралық мәдениеттегі нормалар мен идеалдар.
3. Бұқаралық мәдениеттегі әлеуметтік-мәдени динамикасы.
4. Бұқаралық мәдениеттегі дәстүрлер мен новациялар.
5. Бұқаралық мәдениеттегі әлеуметтік институттары.
6. Бұқаралық мәдениеттің индустриясы.
7. Мәдениаралық коммуникацияларының құрамы және құралдары.
8. Қазақстан қоғамының бұқаралық мәдениеті.
9. Мәтіндердің медиялық шығару принциптері.
10. Бұқаралық мәдениеттегі «Формулды жанрлар» . Дж. Кавелтидің концепциясы.
11. Зиммель, Гоффманның зерттеулері.
12. Заманауи мәдениеттегі глобалды туризм феномені.
13. 1950-ы жж. Ұлыбританиядағы бұқаралық мәдениет зерттеулері.
14. 1950-ы жж. АҚШ бұқаралық мәдениеті.
15. 2000-ы жж. Телесериалдарының мәдени ерекшелігі.

## **СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНА ҰСЫНЫЛҒАН ТАҚЫРЫПТАР ҮЛГІСІ**

1. Бұқаралық мәдениетін зерттеуіндегі ерекшелік методологиялары.
2. Бұқаралық мәдениетіндегі аккумуляция.
3. Мәдениаралық коммуникациясындағы түсіну және толеранттық мәселелері.
5. Бұқаралық мәдениет және бұқаралық өнер.
6. Бұқаралық мәдениетінде ақиқат философиясы пайда және жетістікке жету ретінде.
7. Бұқаралық мәдениет индустриясындағы спорттық шоу.
8. Жарнама образының риторикасы.
9. Тұтынушылық және мода.
10. Заманауи «Cultural studies» бұқаралық мәдениетті сараптама жасауға көмектесетін теориялары.
11. Заманауи бұқаралық мәдениетіндегі мода феномені.
12. Р. Барттың еңбектеріндегі бұқаралық мәдениетті зерттеу әдістері.
13. Телевизиялық жарнаманың гендерлық сараптамасы.
14. 2000-ы жылдарындағы «жұлдыз» және танымалы адамдардың мәдениеті.
15. Гламур және жылтыр журналдарының феномені.

## ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Негізгі:

1. Бодрийяр Ж. Прозрачность зла. – М., 2000.
2. Маклюэн Г.М. Понимание Медиа: Внешние расширения человека. – М.; 2003
3. Костина А.В. Массовая культура как феномен постиндустриального общества. – М., 2005.
4. Ортега-и-Гассет Х. Избранные труды. – М., 2000.
5. Саид Э. Ориентализм. Западные концепции Востока. М., 2006.
6. Бодрийяр Ж. Общество потребления. Его мифы и структуры. М., 2007.
7. Фрейд З. Психология масс и анализ человеческого «Я» – М., 2006.

### Қосымша:

1. Десмонд Дж., МакДонах П. и др. Контркультура и потребительское общество.// Массовая культура: современные западные исследования. М. 2013.
2. Маклюэн Г.М. Понимание Медиа: Внешние расширения человека. – М.; 2007.
3. Эко У. Миф о супермене. М., 2009.
4. Эрнер Г. Жертвы моды. М., 2009.
5. Жатканбаев Е.Б. Угрозы национальных интересов Казахстана. А., Қазақ университеті, 2004.
6. Зиммель Г. Мода. Избранное. Т.2. М., 2010.
7. Фрейд З. Психология масс и анализ человеческого «Я» – М., 2009.
8. Grazian D. Mix it up: Popular culture, mass media and Society. 2011
9. Turner G. Ordinary People and the Media. The Demotic Turn. SAGE, 2010
10. Гофман А.Б. Мода и люди: новая теория моды и модного поведения. М, 2011.

## **МА 3302 – МӘДЕНИ АНТРОПОЛОГИЯ**

**Көлемі 3 кредит**

### **Авторлар:**

**Жолдубаева А.К.** – философия ғылымдарының докторы, дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры

**Өмірбекова Ә.Ө.** – философия ғылымдарының кандидаты, дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті

### **Пікір жазғандар:**

**Нұрмұратов С.Е.** – философия ғылымдарының докторы, ҚР БҒМ Ғылым Комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының профессоры

**Амиркулова Ж.А.** – философия ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті

## **ТҮСІНДІРМЕ ХАТ**

«Мәдени антропология» пәні бойынша типтік бағдарлама әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 5B020400 – Мәдениеттану мамандығының типтік оқу жоспарының негізінде жасалған.

Мәдени антропология – бұл мәдениеттанулық білімнің мәдениет әлеуметтануына жақын, бірақ ол мәдениеттің этникалық бөлшектеріне, әртүрлі халықтардың мәдениеттерінің өзара әрекеттесу үдерісіне көбірек көңіл бөледі, әртүрлі мәдениеттердегі тілдік ерекшеліктер мен өзге де коммуникация құралдарын қарастырады.

Мәдени антропология әр түрлі халықтардағы қоғамның қызмет етуін мәдениет арқылы айқындауды қарастыратын ғылым болып табылады. Мәдени антропология, бір жағынан, нәсілдерді физикалық сипаттаумен айналысатын физикалық антропологиядан; басқа тұрғыдан, адамның табиғатының өзімен анықталатын, адам өмірінің айрықша екендігін қарастыратын философиялық антропологиядан ерекшеленеді. Мәдени антропологияға әр түрлі халықтардың әлеуметтік институттарын зерттейтін әлеуметтік антропология өте жақын. Мәдени антропология этнография, археология, тарих, құрылымдық лингвистика, фольклортану, әлеуметтану, мәдениет философиясы, психология сияқты ғылымдардың әдістерін, ал мәліметтерді статистикалық өңдеу үшін – заманауи математикалық аппаратты қолданады; сонымен қатар арнайы әдістемелер де жасалған (кино түсіру, интервьюдің ерекше тәсілдері және т.б.). Мәдени антропологияның назар аудару орталығында мәдени тұрғыдан қарастырылатын адам тұрады. Мәдени-антропологиялық зерттеу логикасы: қандай да бір қоғам адамын танып білу үшін, сол қоғамның мәдениетін зерттеп білу қажет.

**Пән бойынша бакалаврдың түйінді құзыретіне қойылатын талаптар:**

**Студенттің түсініні болуы тиіс:**

- мәдени үдерістер мен институттардың даму және қызмет ету ерекшеліктерін;

- қазіргі заманғы өркениет даму заңдылықтарын;

**Студент білуі тиіс:**

- әлеуметтік және кәсіби міндеттерді шешуде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі әдістерін қолдануды, әлеуметтік маңызды мәселелер мен үдерістерді сараптай алу қабілетін иелену;

- зерттеудің концептуалды-әдістемелік және эвристикалық әдістерін;

- демократиялық қоғамның құндылықтары, идеалдарын.

**Студенттің дағдыларды игеруге білігі болуы тиіс:**

- мәдени формалар, үдерістер, тәжірибелерге қатысты мәдениеттанудың теориялық негіздері мен әдістері, категориялары мен концепцияларын;

- кәсіби қызмет пен әлеуметтік тәжірибеде мәдениеттанулық білім мен мәдениет туралы заманауи ғылым әдістерін сыни тұрғыдан қолдана алу;

- заманауи ақпараттық білім технологияларын пайдалана отырып жаңа білім алуды;

- мәдениет саласындағы жаңа менеджмент формаларын қолдану.

**Студенттің дағдысы болуы тиіс:**

- ақпаратты басқару; заманауи компьютерлік техника мен байланыс әдісін игеру; ғаламтор кеңістігінде және оны кәсіби мақсатта пайдалану мүмкіндігін арттыру;

- зерртеу, кеңес беру, ұйымдастыру, басқару іс- әрекетінде шетел тілін игеруге. әріптестерімен бірігуге, ұжымда жұмыс жасауға дайындығы;

- әлеуметтік-мәдени қызметтің әртүрлі салаларында жобалық жұмыстарға, инновациялық жобаларды жасауға қатысуға дайындығы.

**Студент құзыретті болуы тиіс:**

- әлеуметтік, рухани, білім беру, басқару іс-әрекетінде мониторинг жасай білу;

- мәдени тарихи шынайылықта компаративистік талдау өткізу, білім беру.

**Алдыңғы және аралық пәндер:** «Мәдениеттануға кіріспе», «Этнология және этнография», «Мәдениет теориясы», «Мәдениет философиясы», «Мәдениет социологиясы».

## **ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ**

| <b>№</b> | <b>Тақырыптар атауы</b>              |
|----------|--------------------------------------|
| 1        | Мәдени антропология ғылым ретінде    |
| 2        | Антропогенез және этногенез мәселесі |
| 3        | Дәстүрлі және заманауи мәдениет      |

|    |                                                              |
|----|--------------------------------------------------------------|
| 4  | Мәдени антропологиядағы эволюционизм                         |
| 5  | Антропогеография және мәдени диффузия теориясы               |
| 6  | Мәдени антропологиядағы тарихи мектеп                        |
| 7  | Әлеуметтік-мәдени антропологиядағы психоанализ               |
| 8  | Мәдени-антропологиялық зерттеулердің психологиялық бағыты    |
| 9  | Мәдениеттің функционалдық теориясы                           |
| 10 | Мәдени-антропологиялық зерттеулердің биологиялық бағыты      |
| 11 | XX ғасырдағы француздық антропология: әлеуметтанулық мектеп  |
| 12 | Құрылымдық антропология. Тіл және мәдениет                   |
| 13 | Мәдени антропологиядағы неоэволюционизм                      |
| 14 | Ғасырлар тоғысындағы мәдени антропология                     |
| 15 | XX ғасырдың екінші жартысындағы мәдени антропологияның дамуы |

## ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ

### Кіріспе

Мәдени антропология мәдениеттанулық зерттеудің маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл таным саласы еуропалық ғылымда XIX ғасырда қалыптасып, XX жүзжылдықтың соңғы ширегінде түбегейлі рәсімделді.

**Мәдени антропологияның объектілері** мәдени-тарихи аймақтар, әр түрлі типтегі қоныстар; мәдениеттің арнайы салалары (экономика, саясат, құқық, дін, өнер, білім беру); әлеуметтік-мәдени қабаттар, топтар, ұйымдар (элита мәдениеті, кедейлік мәдениеті, ұжымдық түсініктер, салт-дәстүр, кодекстер, құндылықтар, мифология); жеке индивидтер (тұрмыс салты, ауытқыған іс-әрекет).

**Мәдени антропологияның пәні:** бастапқы қарастыру пәні және заманауи мәдениетті тану негізі ретіндегі дәстүрлі қауымдастықтар мәдениеті.

Мәдени антропология аясында мыналарды бөледі:

- теологиялық немесе діни антропология;
- психологиялық антропология;
- жаратылыстанулық-ғылыми антропология;
- когнитивті антропология.

Сонымен қатар, мәдени антропологияның **пәні** адамның нақты мәдени жағдайда өзінің қоршаған әлеуметтік және табиғи ортасымен өзара әрекетке түсуінің заңдылықтары мен механизмдері. Мәдени антропологияның негізгі пәндік салаларының нақтырақ бөлінуі:

- табиғат пен мәдениеттің өзара әрекеті;
- қоғам пен мәдениеттің өзара әрекеті;
- жеке тұлға мен мәдениеттің өзара әрекеті;
- мәдениетаралық қарым-қатынас.

Мәдени антропологияның негізгі танымдық міндеті мәдени, яғни өзі жасаған ортадағы адам өмірінің анағұрлым толық бейнесін жасау. Бұл

міндетті орындау үшін мәдени антропология адамның өмірімен айналысатын жаратылыстану ғылымдарының, сонымен қоса, археология, этнография, лингвистика, әлеуметтану, дін және мифология тарихы, фольклористика, философия мәліметтерін кеңінен қолданады.

#### **Пәнді оқытудың мақсаты.**

Мәдени антропология курсының **басты мақсаты** жоғары оқу орындарында мәдениеттануды оқыту саласындағы кәсіби қызметте қажетті білім мен дағдыларды, «мәдениет», «адам», «мәдениеттегі сабақтастық», «этникалық мәдениет», «ұлттық мәдениет» және т.б. негізгі түсініктерді қалыптастыру болып табылады.

#### **Пәнді оқытудың міндеттері.**

Оқу пәні ретінде мәдени антропологияның **міндеттері** өзіндік танымды белсенді ету, отандық және шетелдік мәдени антропология теориясы бойынша толыққанды білім алу, мәдени антропологияның негізгі мәселелерін анықтау, мәдениет пен оның дамуының заманауи мәселелері түсінігін қалыптастыру, әртүрлі мәдениеттер мен мәдени қауымдастықтарды салыстырмалы талдау дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

## **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**

### **Мәдени антропология ғылым ретінде**

